



EGEMEN QAZAQSTAN

Елімізде жаңа конституциялық дәуір басталды

Отандық парламентаризмнің бір кезеңі тарихқа еніп, тұтас ел болып қабылдаған жаңа Ата заңымыздың күшіне енуімен осы саланың дәуірі басталды. Осыған орай кеше елордамызда шақырылған Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында өткенге есеп беріліп, келешекке жоспарланған мақсат-міндеттер айқындалды. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов модераторлық еткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз алып, елдік тарихи оқиғаның мән-маңызына тоқталды.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Парламент рөлі байыпталды

Президент Парламенттің кезекті сессиясы аяқталуымен Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір кезең қорытындыланып, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрғанымызды жеткізді.

«Бүгін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді.

Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық



Суретті түсіргендер – А.ЛҮПСЕНБЕК, Е.ЖҰБАН

экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болған.

«Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа таны- мал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпесіз қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша

айтсак, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінетінін айтып, осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліспен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығын білдірді. Соның ішінде Парламенттің қазіргі құрамын еліміздің

жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп санайтынын айтып, алғысын айтты.

«Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Өрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Құатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жыла-намасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы», деді Мемлекет басшысы.

2-3 >

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеуі

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамуың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын

айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызанама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктөмізді жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға

міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық-құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған көміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

1 шілде, 2026 жыл

Форумға дайындық барысы талқыланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің биыл мамыр айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында қол жеткізілген уағдаластықтар екіжақты ықпалдастықтың барлық бағытына айтарлықтай серпін бергенін атап өтті.

Екі ел үкіметтері аталған келісімдерді әйекті түрде жүзеге асырып жатыр. Әңгімелесу барысында шіде аяының

соңында Омбы қаласында ұйымдастырылатын XXII Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына дайындық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылады.

Президенттер жұмыс барысында тұрақты байланыста болуға келісті.

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конго Демократиялық Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс-Антуан Чисекеди Чиломбо мен оның отандастарын осы елдің ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент еліміз Конго Демократиялық Республикасын Африка құрлығындағы сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі ретінде қарастыратынын атап өткен. Сонымен

қатар бірлескен күш-жігер арқылы екіжақты ықпалдастық қос халықтың игілігі жолында дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс-Антуан Чисекеди Чиломбоның жауапты қызметіне толайым табыс, ал достас Конго Демократиялық Республикасының халқына құт-береке тіледі.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Т.Қарин туралы

Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 30 маусым №1335

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Әмірбек Қанатбекұлы Оспанбеков Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Өкілдігінің басшысы лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының өкімімен Марат Алмасұлы Әзілханов Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі лауазымынан босатылды.

Ықпалдастықты кеңейтудің әлеуеті мол

Мемлекет басшысы Германия Федералдық экономика және энергетика министрі Катерина Райхені қабылдады.



Кездесу барысында Президент Қазақстанның Германия Федеративтік Республикасымен стратегиялық серіктестікті дамытуға айрықша мән беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Германия – еліміздің ең ірі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі.

– Екіжақты сауда және инвестициялық ықпалдастықта оң динамика байқалады. 2005 жылдан бері Қазақстан экономикасына 8 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартылды. Оның басым бөлігі шикізаттық емес секторға тиесілі. Бүгінде елімізде неміс капиталының үлесі бар мыңнан аса компания табысты жұмыс істейді. Олардың арасында CLAAS, Horsch, Siemens, BASF, Heidelberg Materials, Siemens Energy, Knauф және Linde сияқты өнеркәсіп алпауыттары бар, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан тарапы германиялық бизнестің біздің нарыққа көбірек келуі үшін қажетті жағдай жасауға дайын екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси

өзгерістер туралы әңгімеледі. Жаңа Конституцияда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және өркендеген мемлекет ретінде даму бағытын айқындайтын негізгі қағидаттар көрініс тапқанын айтты.

Катерина Райхе екіжақты күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылау мүмкіндігі үшін Президентке алғыс айтып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі табыстарына тоқталды.

Сондай-ақ министр Қазақстан Германияның аймақтағы ірі сауда-экономикалық серіктесі саналатынын, екіжақты ықпалдастықты кеңейтудің әлеуеті мол екенін жеткізді.

Кездесуде энергетика, өнеркәсіп, цифрландыру, сирек кездесетін металдарды өндіру және өңдеу, көлік-логистика инфрақұрылымы салаларындағы ынтымақтастықты жандандыру перспективасына айрықша мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайерге және Федералдық канцлер Фридрих Мерцке ыстық ықыласын жолдады.

Елімізде жаңа конституциялық

1 <

Бұдан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алып отырғанын, бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатқанын, Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін екенін жеткізді. Оның айтуынша, соған қарамастан еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді, ширақ жұмыс істеуге тиіс екенін, инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізіп, сондай-ақ экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажеттігін айтты.

Мемлекеттік басқару жүйесі түбегейлі жаңарады

Қасым-Жомарт Тоқаев 1 шілдеден бастап мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңарту жұмысы ресми түрде қолға алынатынын жеткізді. Оның айтуынша, мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз.

«Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз. Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қаршығандай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсте міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет», деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бытырғы Жолдауында елімізді үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанын еске сала келе, келешегіміз осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты екенін тілге тиек етті. Оның айтуынша, еліміздің Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз.

«Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәмсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет. Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек», деді ол.

Президент бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарын айқындап алуға қажетті бес міндетті ортаға салды. Соның біріншісі – мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру.

«Әлдіңде айттып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын», деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік таптыш, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұрттың бәріне жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде, мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие болды. Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының рәмізі, Конституцияны



және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан президенттік республика болып қала беретінін жеткізген Мемлекет басшысы мұны түсіну, ескеру өте маңызды екенін еске салды. Оның айтуынша, Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

Сонымен қатар жаңарту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырғанын мәлім етті. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұрғанын ортаға салды.

«Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді. Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Бытыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық Үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет», деді Президент.

Халық Кеңесі – диалог алаңы

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беріу керек екенін жеткізді. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылап, цифрлық құралдарды пайдалану қажет екенін айтты. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді.

«Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандыратын өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуға қабілет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз.

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық ұстаным – Қазақстан Халық Кеңесін құруды осындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің

мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады.

Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстаннымыздың рәмізі. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы екенін айтып өтті. Халықтың өз ықтиярын тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданымай келгенін, тек кейінгі жылдары ғана ол саяси тәжірибемізге енгенін, ал 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өткенін атады.

«Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет», деді ол.

Мемлекет басшысы көтерген екінші мәселе – ел экономикасын жаңа үлгіге көшіру. Бұны аса маңызды стратегиялық міндет деп белгілеген ол бұл мақсатқа жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет екенін тілге тиек етті. Оның айтуынша, бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайды.

«Бұған дейін де айттым: жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ушығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ бұл соған қарамастан, салиқалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қдам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Бытыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі», деді.

Сонымен қатар Президент инфляция бағамы төмендеп, биылғы бес айдың қорытындысында 10,4 пайызға дейін түскенін, бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек екенін жеткізді. Оның айтуынша, елдің қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды.

«Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздерің қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023–2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және ең бастысы, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң, тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беріп келеді. Бұған қомақты қаржы бөлініп жатыр. Осылай деген Мемлекет басшысы еліміздегі жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отырғанын, кейінгі бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жеткенін, жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі екенін ортаға салды.

«Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Бытыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді. Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

Бытыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы бастамалы болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар, ауылдардың жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеміз. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылады», деді Президент.

Сонымен қатар мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымда қолдау көрсетіп жатқанын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беруге 1 триллион теңге қаржы тартылғанын, осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болғанын мәлімдеді. Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жеткен. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түскен. Бұл – кейінгі он жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

«Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тарғалған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған маз болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның айтуынша, елімізде жаңа инвестициялық кезең басталып, сол арқылы экономикамызды әртараптандыру көзделіп

отыр. Әртараптандыру, яғни, диверсификация дегеніміз – жай ғана ұран немесе жағымды сөз емес, бұл – өте күрделі және жауапты міндет, оған үстірт қарауға болмайтынын ескертті. Бытыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асқаны туралы деректі келтіріп, ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды келешегі зор салаларға бағытталғанын, бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екенін жеткізді.

«Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн.

Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кен байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (ал біз мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсіміңіз мүлдем жаңа моделі пайда болады», деді Президент.

Келесі жылы АЭС құрылысы басталады

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде алдыға қойған үшінші міндет – еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту. Оның айтуынша, экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік, көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды ұштаған кез келген елдің, соның ішінде біздің еліміздің де негізгі тірегі саналады.

«Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Артық шығынға екеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері негізін. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылды мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде Үкімет тарапынан дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріліп отырғанын тілге тиек етті. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жеткен. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаватттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланып отыр. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ.

дәуір басталды

«Әйтсе де пайдалы қазбаларымыз, соның ішінде көмірдің мол қоры – табиғат сыйлаған артықшылығымыз санала-ды. Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

Алдағы үш жылда Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларды пайдаланатын үш жылу электр стансасын салуымыз керек. Мұны созуға болмайды. Әйтпесе істен гөрі сөз көбейіп кетті.

Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерация-сын өте дұрыс таңдадық. 2024 жылғы тари-хи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркеніетті сипатқа ие. Бұл – елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтынатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр стан-сасының құрылысы басталады», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аудару керек екенін айтты. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Аймақтық барлық елдер де осы бағытқа ден қойып жатқанын, сондықтан бәсеке күшейе түскенін жеткізді.

«Теміржол саласының жүк тасыма-лындағы рөлін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отыр. Былтыр Достық – Мойшыты бағытының екінші желісі және Алматы қаласын айнал-дыр өтетін теміржол іске қосылды. Биыл Мойынты – Қызылжар және Дарбаза – Мақтаарал, келесі жылы Бакты – Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады.

Еліміздегі автокөлік жолдарының сапы-сын жақсарту міндетін де орындауымыз ке-рек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жо-лын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет жасалды. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек», деді К.Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшы-сы кейінгі бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жеткенін мысалға келтірді. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңге болған. Бұл – теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш. Бұл отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Демек мұндай кәсіпкерлерді барынша қолдау керек.

«Авиация саласындағы табысымыз да көбеюде. Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабта-рын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, осы тұрғыдан алағанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу – ке-зе күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы қажет. Әуе кеністігі арқылы жүк тасымалдайтын арнайы компа-ния құру өте орынды шешім болды деп са-наймын. Бұл маңызды қадам халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуте ықпал етері сөзсіз.

Біз аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиацияға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыруымыз қажет. Бұл – аса маңызды және шұғыл міндет.

Боріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалдана-тын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды», деді Президент.

Оның айтуынша, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификациялан-ды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы еліміз аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ.

«Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика то-рабы ретінде жоғары қарқынмен да-митын болады. Бұл – Үкімет алдын-да тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кең ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдар-ды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандар-ды жоғары қарқынмен салуымыз керек.

Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскеден ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

Әлеуметтік мемлекет боламыз деп, қаражатты талан-таражға салуға болмайды. Осындай қысқа, шолақ ойлы саясатты біздің ұрпақтарымыз түсінбейді де, көшірмейді де. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек», деп түйіндеді Президент.

Цифрлық дербестіктің іргетасы

Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген тәртіпші мәселе – толыққанды цифрлық мемлекет құру. Ол Парламенттің сегізінші шақырылымын тыңнан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деп атады. Өйткені бұған дейін елімізде де, әлемде де жасанды интеллектті заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болмаған. Соған қарамастан, депута-тар еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қосқан. Мемлекет бас-шысы мұны жоғары бағалайтынын айтты.

«Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстан құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық страте-гиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім.

Біз жасанды интеллектіні экономи-каның барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қаңтар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды», деді Президент.

Сондай-ақ өзінің тапсырмасымен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылғанын атап өткен Мемлекет басшысы бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдететінін, «Бір терезе» қағидаты бо-йынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы биз-нес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туатынын жеткізді.

Бұған қоса, Президент еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компания-лар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалағанын атап өтті. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеністік қалыптасты. Соның нәтижесінде кейінгі бес жылда элек-тронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жеткен. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы.

«Мұның бәрі азаматтарымыздың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы қарқынды бәсеңдетуер үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып оты-руы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы ше-шімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мол қуат пен есептеу кеністігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажо-басын қолға алудың мәні зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын», деді.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір Жаңа Жібек жолының жоғары технологиялық хабы ретінде еліміздің цифрлық дербестігінің іргесі қаланып жатыр. Бұл ретте ең қуатты компьютер-лерде, озық дата-орталықтарда жұмыс істейтін маман болмаса, қаржы желге ұшатынын ұмытпау керек. Сондықтан болашақ архитекторлары мен бағдарлама әзірлеушілерін мектеп партасынан бастап даярлауға кіріскенімізді жеткізді. Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылғанын, осы оқу жылында Жасанды интеллект университеті ашылаты-нын, бұл – аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болатынын да мәлім етті.

«Цифрлық трансформация дегеніміз – жоғарыдан төмен қарай барлық басқару тармақтарын, піпті халықтың басым бөлігін қамтитын ашық әрі қарқынды үдеріс. Қазірдің өзінде жоғары лауазымды бас-шылардан бастап ауыл әкімдеріне дейін он мыңдаған мемлекеттік қызметші осы саалық білім беру бағдарламасына қатысып жатыр. Біз мемлекеттік басқарудың логика-сы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Әдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз – жаһандық технологиялық ландшафт-та орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ігерілететін, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мем-лекет құру», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Нағыз әділдік – тең мүмкіндік беру

Мемлекет басшысы көтерген бесінші маңызды міндет – адам капиталын дамыту. ХХІ ғасырда шикізатқа немесе халық саны-на ғана сеніп отыра беруге болмайтынын, мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығатынын кезекті мәрте еске салған ол инфляцияға тәуелді емес бір ғана капи-тал – адам әлеуетінің сапасы екенін тағы да қайталады.

«Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы болу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз.

Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ бұл мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәрине бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның айтуынша, Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекет-ке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылып, қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалғанын, соның есебінен 450 аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынғанын атап айтты.

«Біз арнайы конституциялық нормаға сүйене отырып, табиғи байлықты азамат-тардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаарға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 мил-лион баланың есепшотына 2,3 милли-ар доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балаларға, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете бастадық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналымызда, яғни Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты», деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев білім экономикасы үстемдік құрған дәуірде технологиялық дербестігімізді күшейте түсу үшін ғылым саласын және жоғарғы мектеп жүйесін дамытуға баса назар ауда-руымыз қажет екенін айтты. Соған сәйкес біз еліміздегі университеттерді жаңғырту жұмысымен қатар, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатқанына тоқталды.

«Өздеріңіз мақұлдап, қабылдаған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң ғылыми инфрақұрылымды жақсартып, жас ғалымдарға мол мүмкіндіктер беру-ге зор ықпал етуде. Жалпы, алдымызда ғылым деңгейін, оның тиімділігін барын-ша көтеруге қатысты маңызды мақсат тұр.

Әрине, кез келген ұлттың зияткерлік әлеуеті сол елдегі орта білімнің деңгейімен өлшенетіні ақиқат. Соңғы үш жылда респу-блика бойынша 584 заманауи мектеп салын-ды. Әрбір үшінші мектеп инновациялық үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерді. Биыл тағы 84 мектеп ашылды. Оның жартысынан көбі ауылдық жерлерде салынып жатқанын атап өту қажет», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Бұған қоса, отандық медицина саласының дамуына да арнайы тоқтала келе 2019 жылдан бері елімізде шамамен 1300 денсаулық сақтау нысаны ашылғанын,

азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жуықтағанын атап өтті. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, осы көрсеткіш бойынша еліміз аймақта көш бастап тұрғанын, бұл ел дамуының нақты көрінісі екенін жеткізді.

«Азаматтардың бәріне сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық меди-циналық көмек алуға кепілдік берілген. Бұдан бөлек, отандастарымызға нейрохи-рургиядан бастап репродуктивті медицинаға дейінгі ең жоғары технологиялық медици-налық ем-шаралардың барлығы қолжетімді.

Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолын таңдағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қадамдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеум-еттік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елімізде атаулы әлеуметтік көмектің көп деңгейлі жүйесі жолға қойылған. Осылай деген Мемлекет басшысы бұл көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс екенін, көмек «Отбасының цифрлық картасы» технологиялық шешімі арқылы көрсетілетінін тілге тиек етті.

Оның айтуынша, жлі көтеріліп, өбден жауыр болған түіткілдің бірі – зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі Парламент депутаттарының табандылығы арқасында шешілген. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілдірек жұмысқа ауысуға заң жүзінде қақылы.

«Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойыңқұмарлыққа, есірткі қылмысына және кибералаықтыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған заңнамалық шешімдеріңіз жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаттарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз, ең алдымен, мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өз сөзінде мемле-кеттің руханият саласына да әрдайым баса назар аударып отырғанына тоқталды. Оның айтуынша, бұл тағылымды іске де-путаттар корпусы да зор үлес қосқанын, олардың атқарған ауқымды жұмысының мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес екенін мәлім етті.

«Бірнеше күннен кейін бәріміз біз ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айышпқтайтын, жұртымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың рухын көтерегін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге озырамыз. Домбыра кастерлі құндылығымыз ретінде ұлтымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құрылтайдың мақсаты мен миссиясы

Сонымен бірге Мемлекет басшысы Парламенттің заңнамалық жұмыстан бөлек, көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстағанын, атап айтқанда, сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мың-нан астам сауал жолдап, 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізіп, қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істегенін жеткізді.

«Бір палатады Құрылтай ж

Мемлекеттілік мұраты



Кеше Парламент Палаталарының бірлескен отырысы өтті. Бұл — кезекті сессияның жабылуы ғана емес, ұлттық парламентаризм жынамасындағы тұтас бір дәуірдің аяқталғанын және мемлекеттің даму жолындағы жаңа кезеңнің басталғанын білдіретін нағыз тарихи оқиға.

Мәулен ӘШІМБАЕВ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен отырыста Парламенттің отыз жылдық қызметін жоғары бағалап, осы уақыт ішінде тәуелсіз Қазақстанның берік құқықтық негізі қаланғанын айтты.

Мемлекет басшысы Парламенттің қазіргі құрамына ерекше тоқталып, дәл осы депутаттық корпус ауқымды конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз еткенін атап өтті. Сондай-ақ қазіргі шақырылымды елдің жаңа тарихындағы ең мықты құрамдардың бірі деп атады. Бұл Парламент депутаттарының қызметіне берілген ең жоғары баға екені анық.

Сонымен қатар Президентіміз бүгін заңды күшіне енген жаңа Конституция Тәуелсіздікті нығайту, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, ел мұратын көздейтін мақсаттарға қол жеткізу жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана екенін айрықша атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы еліміздің алдағы даму логикасын айқындайтын жаңа саяси бағдарды ұсынып, бірқатар басымдықты белгілеп берді.

Бұл ретте мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру аса маңызды стратегиялық міндет екені сөзсіз. Конституциялық реформаның мәні – басқару институттарының атауын өзгерту емес, олардың тиімділігін арттыру. Сондықтан Мемлекет басшысы ұсынған «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» формуласы билік тармақтарының жаңа тепе-теңдігін қалыптастыруды көздейді.

кеңейту, жаңа электр стансаларын, жаңа теміржолдар мен автожолдар, әуежайлар және логистикалық орталықтар салу Қазақстанның ұзақмерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін басымдықтар ретінде атап өтілді.

Мемлекет басшысы толыққанды цифрлық мемлекет құру да болашақтың емес, бүгінгінің міндеті екеніне айрықша тоқталды. Осы орайда Қазақстанның «Жасанды интеллект туралы» заң қабылдаған алғашқы мемлекеттердің бірі болуы, Цифрлық кодекстің қабылдануы, суперкомпьютерлерді іске қосу, «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» қалыптастыру, Жасанды интеллект университетін ашу сияқты нақты қадамдар еліміздің технологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз етуді көздейтінін айта кеткен жөн.

Тағы бір маңызды басымдық – адам капиталын дамыту. Президентіміз білімге, ғылымға, медицинаға, әлеуметтік қорғауға, мәдениетке жасалып жатқан мемлекеттік қолдау осы бағыттағы саясаттың жарқын көрінісі екенін тілге тиек етті.

«Ұлттық қор – балаларға», «Келешек» бағдарламасы, жаңа мектептер, университеттер, ғылыми инфрақұрылым, мұғалімдер мен дәрігерлердің мәртебесін көтеру – мұның барлығы ұзақмерзімді ұлттық инвестиция.

Мемлекет басшысы әділеттілік ұғымына да ерекше анықтама берді. Әділеттілік дегеніміз – байлықты бөріне бірдей тарату емес, әр азаматқа өзінің қабілетін жүзеге асыруға тең мүмкіндік беру. Бұл қағидат қазіргі мемлекеттік саясаттың басты философиясына айналып отыр.

Осылайша, тарихи бірлескен отырысы Қазақстанның мемлекеттік дамуының жаңа кезеңін бастап берді деуге толық негіз бар.

Жалпы, жаңа Конституцияның нәтижелі іске асуы, өзгерістердің табысты болуы заңдарға ғана емес, қоғамның қолдауына, азаматтардың белсенділігіне және ортақ жауапкершілікке байланысты. Сондықтан Президентіміз айқындаған стратегиялық тарту, инновациялық кластерлер қалыптастыру және Алағату қаласын жаңа халықаралық іскерлік орталыққа айналдыру алдағы басым бағыттар екені анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту да айрықша маңызға ие екеніне баса назар аударды. Шын мәнінде, қуатты инфрақұрылым – экономикалық өсімнің негізі. Сондықтан газдандыруды кен көлемде жүргізу, атом энергетикасын дамыту, көлік дәліздерін

Ұлттың заманауи келбетін қалыптастыратын басты құжат



Бүгіннен бастап біз жаңа Конституциямен өмір сүре бастаймыз. Бұл құжатты бүкіл халқымыз бірлесе әзірлеп, жатпай талқылап, бірге қабылдаған болатын. Бұл – миллиондаған азаматтың арман-аңсарын, еліміздің тарихи тәжірибесі мен болашаққа деген ұмтылысын айшықтаған бірегей жалпыұлттық жоба. Өткенге көз жүгіртсек, жаңа Ата заңның қабылдануы қашанда халықты ұйыстырып, түбегейлі жаңғыртуға жол ашқан. Оған әлем тарихында мысал көп.

Ерлан ҚОШАНОВ

Конституциялар әдетте дамудың жаңа кезеңіне өту қажеттігін қоғамның өзі сезінген кездері қабылданған. Осылайша, негізгі заң – тек бүгінге емес, болашаққа бағдарланған құжатқа айналады. Біздің елімізде жетілген әрі жауапты мемлекет ретінде әлемдік озық тәжірибелерді негізге ала отырып, эволюциялық жаңғырудың өзіндік төл моделін қалыптастырды.

Мемлекеттік саясатымыздың сындарлылығы бүгінгі күннің міндеттерін шешумен ғана шектелмейді. Оның басты ерекшелігі – мемлекеттің тарихи болашағының мәнін терең пайымдай білуде. Сондықтан бүгінде еліміздің өркендеуіне берік құқықтық негіз қаланып, стратегиялық бағдары айқындала түсті. Ал Әділеттілік алғаш рет Конституцияның өзегі, оның басты қағидаты ретінде бекітілді.

Мемлекеттік саясаттың барлық ресурсы адам іпшілігіне бағытталды. Адам – елдің табысты дамуының дінгегіне айналды. Адамға ерекше мәртебе әрі басымдық беру – Президент жүргізіп отырған

бүкіл реформаның түпкі мәні әрі Қазақстанның жаңа даму моделінің негізгі арқауы.

Енді мемлекеттік дамудың жаңа парадигмасының өзегінде азаматтың конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету, оның қабілет-қарымын ашуына тең мүмкіндік жасау, сондай-ақ білім беруді, ғылымды, денсаулық сақтауды, мәдениетті, заманауи технологияларды жан-жақты дамыту міндеттері тұр. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін бұлжымас бағдар болмақ. Ол жастарға нық сенім беріп, болашаққа деген айқын көзқарас пен ұдайы мемлекетті тірек тұту сезімін орнықтырады.

Бүгінде негізі қаланып жатқан ауқымды цифрландыру, жасанды интеллект өнімдерін кеңінен пайдалану, смарт-қалалар мен озық білім беру жүйесін дамыту, жаңа экономикалық саясат пен экологиялық жауапкершілік – Қазақстанның келешек келбетін айқындайтын біртұтас даму аясы. Осындай елде Ұлы Даланың мыңжылдық тарихи мұрасынриясызмақтантұтатын жаңа буын өсіп-жетіледі.

Жаңа Конституция ұлттың жаңа кодын, жаңа сапасын қалыптастырады. Өз тарихы мен тамырын терең тану әр азаматтың көкірегіне сенім ұялатып, берік рухани тірек сыйлайды. Кітап оқу мәдениеті, терең білім және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру әр азаматтың табысқа жетуінің кілтін, өмірінің басты мәніне айналады. Сонымен бірге болашақ Қазақстан халқының экологиялық сана-сезімі де арта түседі.

Қазірдің өзінде Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» идеясы жалпыхалықтық қозғалысқа ұласқанын көріп отырмыз. Ол еліміздің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған жанын азаматты жұмылдырды. Бұл қоғамымыздың табиғатпен үйлесімді, таза әрі жасыл желекті Қазақстанда өмір сүруге деген ұмтылысын көрсетеді. Мұндай өмір салты әр қазақстандықтың қалыпты ұстанымына айналмақ.

Жалпы, жаңа Конституцияның ең басты жемісі озық ойлы, жанашыл азамат қалыптастыру болмақ. Ол – интеллектуал, мәдениетті, өнегелі, заңға мойынсұнатын, отаншыл, өз елін мақтан тұтатын әрі оның өркендеуі жолында аянбай еңбек ететін тұлға. Жаңа Ата заңның қағидаттары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленген жаңа қазақстандықтың келбеті дәл сондай болмақ. Бұл – Президенттің жаңа Конституция авторы ретінде елдің Негізгі Заңына арқау еткен асыл мұраты.

Мемлекет басшысының осы стратегиялық бағдарына халық толық сенім артып, жан-жақты қолдады. Ол – Қазақстан азаматтарының ортақ таңдауы. Әр мемлекеттің тарихында оның ондаған жылға межелеген даму көкжиегін айқындайтын шешуші кезеңдері болады.

Қазақстан үшін мұндай тарихи сәт – бүгінгі күн. Бұл – ұлттың кемелдігін, қоғамның бірлігін және еліміздің жаңа белестерге нық қадам басқанын паш ететін жаңа Конституцияның күшіне енген күні.

Ата заңның асыл арқауы

Конституция — мемлекеттің құқықтық және институционалдық негізін айқындайтын басты құжат. Ата заң жария биліктің жүзеге асырылу шегін белгілеп, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының жүйесін бекітеді. Басты құжат мемлекеттің ұзақмерзімді даму бағдарларын да айқындайды. Жаңа Конституцияны қабылдау тек Ата заңды жаңарту деген сөз емес. Бұл сонымен қатар мемлекет, қоғам және жеке адам арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа үлгісін қалыптастыруды білдіреді.

Эльвира АЗИМОВА,

Конституциялық сот төрағасы

Бүгін – 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап ел Конституциясының күшіне енуі дәл осындай ауқымды өзгерістің басталғанын көрсетеді. Бұл мемлекеттік басқару жүйесін, адам құқығын қорғау тетіктерін және жария биліктің жұмыс істеу қағидаттарын қамтитын конституциялық архитектураны кешенді түрде өзгертуді білдіреді.

Кезекті конституциялық реформалар мәселесі жөніндегі қоғамдық пікірталас 2026 жылға дейін туындаған еді. Ал осы жылдың басында ауқымды қоғамдық талқылау арқылы жаңа Конституция жобасын дайындау басталып кетті. Бұл үдеріске депутаттар, мемлекеттік органдардың, ғылыми және кәсіби заңгерлер қауымдастығының, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының өкілдері белсене қатысты.

Ашық қоғамдық кеңестер мен цифрлық платформалар арқылы қазақстандықтардан 12 мыңнан аса ұсыныс келіп түсті. Олардың барлығын еліміздің 130 азаматынан арнайы құрылған Конституциялық реформа жөніндегі комиссия қарап шықты. Бұл үдерістің басты ерекшелігінің бірі – институционалдық және қоғамдық сараптаманың тиімді ұштасуы. Конституция жобасы тек комиссия отырыстарында ғана емес, жұмыс топтары, сарапшылық пікірталастар мен халықпен кездесулерде де кеңінен талқыланды.

Комиссия жұмысының жария әрі ашық ұйымдастырылуы, оның ішінде отырыстардың онлайн көрсетілімі конституциялық үдерістің жаңа ашықтық стандартын қалыптастырды. Нәтижесінде, Ата

заңды әзірлеу бүкіл қоғам қатысқан кең қоғамдық талқылау сипатына ие болды.

Конституция мемлекеттік құрылыстың негіздерін, жария билік жүйесін, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін бекітеді.

Жаңа Атазаңның күшіне енуі мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға және демократиялық қоғамның даму талаптарында адамның құқықтық кепілдіктерін күшейтуге бағытталған конституциялық үлгіні кешенді жаңартудың жаңа кезеңін білдіреді. Сонымен қатар мемлекеттіліктің іргелі негіздері – ел Егемендігі, Тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы, unitарлық сипаты мен басқару үлгісі өзгеріссіз сақталды. Бұл конституциялық реформаның мемлекеттіліктің негіздерін қайта қарауға емес, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға бағытталғанын айқын көрсетеді.

Конституция Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарының жүйесін едәуір кеңейтеді. Олардың қатарына Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, адам құқығы мен бостандығын сақтау, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті бекемдеу, халықтың әл-ауқатын арттыру және қоғамдық диалогті дамыту жатады.

Жаңа конституциялық қағидаттар қатарында еңбексүйіштігі құндылықтарын бекіту, жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және төл мәдениетті қолдау да айқындалған. Адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамыту мемлекеттің ұзақмерзімді стратегиялық даму бағыты деп танылады.

Ата заң еліміздің бәсекеге қабілеттілігін



жаңғырту мен арттыруда мемлекеттің ұзақмерзімді қоғамдық және құндылық бағдарларының жаңартылған жүйесін бекітеді.

Конституциялық реформаның негізгі элементтерінің бірі – 145 депутаттан тұратын бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу болды. Бұл шешім заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыруға және өкілді органның Қазақстан халқының алдында жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Заң шығару рәсімі енді үш оқылымнан тұрады, бұл заңнамалық ұсыныстардың тұжырымдамасы мен мазмұнын дәйектілікпен қарауға мүмкіндік береді.

Қазақстан халқының мүддесін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығы берілген жоғары консультативтік органды – Қазақстан Халық Кеңесін құру қоғамның мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, мемлекет пен азаматтар арасындағы кері байланыс тетігін күшейтеді.

Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол тікелей қолданылады деген норма конституциялық құрылыс негіздерінің ретінде айқын бекітілген. Барлық заң мен өзге де нормативтік құқықтық акті Конституция негізінде қабылдануға және оған қайшы келмеуге тиіс.

Сонымен қатар азаматтардың құқықтық жағдайын нашарлататын, оларға жаңа міндеттер жүктейтін немесе

жауапкершілікті күшейтетін заңдарды қабылдауға жол бермеу қағидаты бекітілді. Бұл ереженің сот төрелігі қағидаттары аясынан конституциялық құрылыс негіздерінің қатарына ауыстырылуы оның әмбебап сипатын айқындайды. Енді бұл ережені тек сот жүйесі ғана емес, мемлекеттік органдардың барлығы сақтауға міндетті.

Нәтижесінде, нормативтік-құқықтық реттеуге қатысты құқықтық айқындылық пен болжам артады. Бұл – құқықтық жүйеге деген сенімнің басты элементтерінің бірі.

Ең елеулі өзгерістер қоғамның цифрлық даму жағдайында жеке адамды конституциялық қорғау тетіктерінде өз көрінісін тапты. Бұрын сот қызметінің қандаттары ретінде бекітілген процесік кепілдіктер енді адамның конституциялық құқықтары деңгейіне көтерілді. Бұл адамның және азаматтың құқығы мен бостандығын сақтау мен іске асыруға қатысты кепілдіктер мен тетіктердің құқықтық сипатының өзгергенін білдіреді.

Аталған кепілдіктерді адамның бас бостандығы нақты шектелген сәттен бастап, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында да барлық мемлекеттік орган тікелей қолдануға тиіс.

Мұндай құқықтардың қатарына ұсталған сәттен бастап қорғалу құқығы, негізсіз ұстауға тыйым салу, бас бостандықты шектеуге сот бақылауы, өз-өзіне қарсы айық бермеу құқығы және кінәсіздік презумпциясы жатады.

Жеке өмірге қол сұғылмау кепілдіктері де конституциялық деңгейде кеңейтілді. Олар дербес деректерді қорғауды, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, банк операцияларының және өзге де хабарламалардың, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясын қамтиды.

Цифрлық орта адамның конституциялық құқықтарын іске асыру кеңістігі ретінде қарастырылады. Бұл аталған құқықтарды заманауи технологиялық жағдайларға бейімделген кеңейтілген қорғауды қамтамасыз ету қажеттігін білдіреді.

Конституцияда алғаш рет мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеуді мемлекетке жүктеу міндеті бекітілді. Бұл мемлекеттің жария-құқықтық жауапкершілігін айтарлықтай күшейтеді.

Конституциялық сот Конституция үстемдігін қамтамасыз етуді және оның нормаларын біркелкі түсіндіруін Конституцияға сәйкес жалғастыра береді.

Азаматтардың конституциялық құқықтары қолданылған заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт нормаларымен бұзылған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Бұл тікелей конституциялық тәсілдер іске асырылған кезде Конституциялық сот қызметінің маңызы арта түседі. Демек, жаңа Конституция мемлекеттік институттары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлумен ғана шектелмейді. Ал Конституцияның үстемдігіне және адам құқықтары кепілдіктерінің күшеюіне негізделген заманауи конституциялық мемлекет моделін қалыптастырады.

Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды тек жалпыхалықтық референдум арқылы енгізу тәртібінің бекітілуі азаматтардың мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдауға белсенді қатысуына кепілдік беріп, халық Егемендігі қағидатын іске асыруға ықпал етеді. Ал «жалпыхалықтық референдум» ұғымының енгізілуі Конституцияның мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылатын халықтың еркімен тікелей байланысын айқындай түседі.

Конституциялық негіздердің орнықтылығы, жария биліктің тиімді ұйымдастырылуы және адам құқықтары кепілдіктерін жоғары деңгейде қамтамасыз ету арасындағы үйлесімділік еліміздің одан әрі даму жолындағы Конституцияның ұзақмерзімді маңызын айқындай түседі.



Байланыс беки түседі

Премьер-министр Олжас Бектенов елімізге ресми сапармен келген Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзем кездесу өткізді. Онда сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, энергетикалық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзенің арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға назар аударылды.

«Сіздің ресми сапарыңыз екі ел арасындағы саяси диалогтің, өзара сенім мен берік әріптестіктің жоғары деңгейін айқайтай отырып, Қазақстан-Грузия қатынастарының серпінді дамуын көрсетеді. Кеше Сіз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен мазмұнды келіссөздер жүргіздіңіз. Қазақстан Грузияны Оңтүстік Кавказдағы, Қара теңіз аймағындағы сенімді дос әрі маңызды стратегиялық серіктес ретінде қарастырады. Қазақстан Үкіметі Грузия Үкіметімен диалог пен практикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге дайын», деп атап өтті Олжас Бектенов.

Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе еліміз Грузия үшін негізгі серіктес саналатынын айтып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін зор әлеуеттің бар екенін атап өтті.

«Елдерімізді тарихи тұрғыдан достық қарым-қатынастар байланыстырады. Бұл – саяси және экономикалық байланыстарды нығайтудың берік негізі. Қазақстан Грузия үшін өте

маңызды серіктес және біздің қарым-қатынасымыз біз үшін ерекше маңызға ие. Екі ел арасында стратегиялық серіктестік орнағанына қуаныштымыз. Біз Қазақстандағы жаңғырту үдерістерін мұқият бақылап отырымыз және барлық бағытта екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі кеңейе түсетініне сенімдіміз», деді Ираклий Кобахидзе.

Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды дамыту мақсатында тараптар экономиканың басым салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру жөніндегі шараларды талқылады. Технологиялық әріптестікті талқылау барысында жасанды интелект саласындағы жобаларға ерекше назар аударылды.

Келіссөздер қорытындысында қос ел үкіметтерінің стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға және барлық келешегі зор бағыттарда практикалық өзара іс-қимылды кеңейтуге әзірлігі расталды.

Айта кетейік, былтыр екі ел арасындағы өзара сауда көлемі 184,5 млн долларды құраса, биылғы қаңтар-сәуір айларында – 53 млн долларға жетті. Бүгінде отандық нарықта грузин тарапының қатысуымен 600-ден астам компания жұмыс істеп тұр. 14 ұйым «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында тіркелген.

Президент тапсырмасы – «Самұрық-Қазына» қызметінің басты бағдары

Премьер-министр Олжас Бектенов «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Жиында Қордың инвестициялық жобаларының жүзеге асырылу барысы қаралды.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Олжас Бектенов Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қойған міндеттерді жедел орындаудың маңыздылығын атап өтті.

«Мемлекет басшысы елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерді арттыруды тапсырды. Президент экономикалық өсу, көлік-логистикалық, энергетикалық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту міндеттерін қойды. Еліміздің инфрақұрылымдық қаңқасын нығайту жолында «Самұрық-Қазына» қоры да маңызды рөлге ие. Барлық жауапты мемлекеттік органдар, оның ішінде Қор басшылығы мен топтың компаниялары өздерінің күш-жігері мен ресурстарын барынша жұмылдырып, аталған ауқымды жұмысқа дереу кірісуі қажет», деді Үкімет басшысы.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Қор қызметінің негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері, негізгі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы қаралды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов Мемлекет басшысының экономиканы дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Қор кейінгі үш жылда жалпы құны 3,3 трлн теңге болатын 35-тен астам инвестициялық жобаны аяқтағанын баяндады. Жаңа энергетикалық қуаттар мен электр желісі инфрақұрылымының нысандары пайдалануға берілді, мұнай-газ саласының нысандары жаңғыртылды, теміржол желілері мен контейнерлік хабтарды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымы кеңейтілді. Сондай-ақ халықты ауызсумен қамтамасыз ету, өңірлерді газбен қамту жобалары жүзеге асырылды.

Қордың мәліметінше, биыл жалпы құны 3,3 трлн теңге болатын 16 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарланып отыр. Көлік саласында «Мойынты



– Қызылжар», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілерінің құрылысы, «Алтын-көл – Жетіген», «Бейнеу – Маңғыстау» учаскелерін жаңғырту, «Достық – Алашань-коу» учаскесінде екінші жолдарды салу, сондай-ақ теміржол учаскелерінде автобұғаттау жүйесін енгізу көзделген. Мұнай-газ және энергетика салаларында жылына 1 млрд текше метр газ өңдейтін Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын, «Air Liquide Munay Tech Gases» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан Павлодар мұнай-химия зауытындағы сүтегі өндіру қондырғысының, Алматы ЖЭО-2-нің, Түркістан облысындағы бугаз қондырғысының, сондай-ақ «ENI» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан пибриді электр стансасының құрылысын аяқтау көзделген. Цифрлық трансформация саласында Қор Қосшы қаласында деректерді өңдеу орталығының құрылысын, Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды аяқтауды жоспарлап отыр. Қазан айында Қосшыда Қордың есептеу қуатын төрт есе арттыруға мүмкіндік беретін жаңа суперкомпьютерлік кластер енгізіледі деп күтілуде. Сонымен қатар Қордың компаниялар тобында бизнес-үдерістерді автоматтаңдыру мен еңбек өнімділігін арттыру үшін ЖИИ негізінде шешімдер енгізіліп жатыр.

Жыл басынан бері онірі инвестициялық жобаның құрылысы басталды. Олар: Атырау облысындағы бутадиен өндіру зауыты, Атырау облысындағы «Полиэтилен» және «Бутадиен» жобаларына арналған инфрақұрылым нысандары, Екібастұз қаласындағы Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы (ДОО), Жамбыл облысындағы «Masdar» компаниясының

қуаты 1 ГВт болатын жел электр стансасы (ЖЭС); Павлодар облысындағы «China Power International Holding» компаниясының қуаты 1 ГВт болатын ЖЭС, Қарағанды облысындағы «Energy China» компаниясының қуаты 500 МВт болатын ЖЭС, теміржол инфрақұрылымы нысандарындағы LTE-R стандартты сымсыз байланыс желілері, Семей мен Өскемен қалаларындағы жылу электр орталықтары (ЖЭО); елдің оңтүстік өңірлеріндегі электр энергиясын есепке алу үшін SMART аспаптарын қанатқақты жоба ретінде енгізу.

Отырыста Қордың ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламасын іске асыру жоспарлары да қаралды. 2027–2029 жылдары жалпы құны 21 трлн теңге болатын 36 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделген. Олар жаңа энергетикалық нысандардың, оның ішінде жылу электр орталықтары мен жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобалардың құрылысын, электр желісі инфрақұрылымын дамытуды, мұнай-газ және мұнай-газ химиясы салаларындағы ірі жобаларды жүзеге асыруды, сондай-ақ теміржол инфрақұрылымын салуды қамтиды. Басымдықтардың қатарында 5G желісін, цифрлық инфрақұрылымды дамыту мен Деректерді өңдеу орталықтары алқабын құру бар.

Отырыс қорытындысында Премьер-министр «Самұрық-Қазына» басшылығына инвестициялық жобалардың уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді, олардың мерзімдерінің жергілікті қамту үлесін күшейтуді, сондай-ақ жобаларды жүзеге асыру кезінде тауарлардағы жұмыс пен қызметтердегі жергілікті қамту үлесін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Халық таңдаған жасампаз жол

Конституциялық сот жаңа Ата заңның күшіне енуіне орай «Жаңа Конституция: орнықты дамудың институционалдық және құқықтық негізі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Жиынға мемлекеттік органдар, сот жүйесі, адвокатура, халықаралық ұйымдар, ғылыми және сарапшылық қоғамдастық өкілдері, сондай-ақ еліміздің және шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары мен сарапшылары қатысты.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Конференцияны ашқан Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Азимова биыл 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Ата заңның күшіне енетінін, еліміздің басқужаты мемлекеттік басқаруды, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдірудің стратегиялық бағдарын айқындап бергенін айтты.

– Конституция мемлекет қызметінің негізгі қағидаттарын елеулі түрде жаңартып, кеңейтті. Алғаш рет мемлекет дамуының бағдарлары бекітілді. Олар: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті бекемдеу, қоғамдық диалогті дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз отанышылдық идеясын ілгерілету, еңбексүйгіштік, прогресс пен білім құндылықтарын бекіту, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және төл мәдениетті қолдау. Сонымен қатар мемлекет дамуының стратегиялық бағыттары ретінде адам капиталы, білім, ғылым мен инновацияларды дамыту еліміздің ұзақмерзімді дамуының негізі ретінде бекітілді, – деді Э.Азимова.

Жиында сөз алған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің Бас хатшысы Қайрат Сарыбай жаңа Конституция кең ауқымды қоғамдық диалогтің

нәтижесі екенін атап өтті. Оның пікірінше, бұл – құқық үстемдігі, қоғамдық келісім мен орнықты даму арқылы мемлекеттілікті нығайтуға ұмтылысын көрсетеді.

– Референдумда жоғары халықаралық қызығушылық байқалды. АӨШК Хатшылығы дауыс беруді бақылап, оның ашық әрі демократиялық сипатта өткеніне көз жеткізді. Алдыңғы онжылдықтардағы жетістіктердің сабақтастығын сақтай отырып, Конституцияның кіріспесінде Қазақстанның болашағы үшін айрықша маңызы бар іргелі құндылықтар көрініс тапқан. Олардың қатарында: мемлекеттілікті нығайту, тарихи сабақтастықты сақтау, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, ғылым мен инновацияларды дамыту, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік, сондай-ақ әлемнің барлық мемлекетімен бейбітшілік пен достыққа ұмтылу, – деді Қ.Сарыбай.

Жидеке Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы Тұрақты үйлестірушісі Раднарагха Саранго бейнеүндеу арқылы сөз сөйлеп, Бас құжатта бекітілген қағидаттардың орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы маңызына тоқталды. – Жаңа Конституция тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үдерісінң жеделдеу жағдайында қабылданып отыр. Орнықты даму мен адам құқықтары өзара тығыз байланысты және бірін-бірі өзара күшейтеді. Конституциялық ережелердің іске асырылуы адам құқықтарын қорғауды нығайтуға, инклюзивтілік пен теңдікті



кеңейтуге, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді, – деді ол.

Сондай-ақ бейнеүндеу арқылы Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Гасан Рамиль Сагіб оглы Конституциямыздың күшіне енуіне орай құттықтауын жолдап, жаңа конституциялық кезең мемлекеттердің институционалдық дамуын күшейтіп, өзара ынтымақтастық пен интеграцияны одан әрі тереңдетуге мүмкіндік беретініне назар аударды.

– Қазіргі уақытта мемлекеттер аса күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Конституция осындай жағдайда тұрақтылықты қамтамасыз ететін әрі болашаққа сенімді қадам жасай алатын құжат болуға тиіс. Өйткені Конституция – бүкіл ұлттың болашаққа деген көзқарасының көрінісі. Ол мемлекеттіліктің іргелі қағидаттарын қорғап, адам құқықтары мен бостандықтарының, әділдік пен заң үстемдігінің сенімді кепілі саналады, – деді ТҮРКПА Бас хатшысы.

Ал Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Адам құқықтары жөніндегі уәкілі

Феруза Эшматова бейнежазбасында Конституция азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға, олардың құқықтық мәдениетін көтеруге де тікелей ықпал ететінін нақтылап өтті.

– Конституция – мемлекеттің негізгі заңы ғана емес, сонымен қатар оның өзегінде адам, оның құқықтары, бостандықтары мен қадір-қасиеті тұрған аса маңызды қоғамдық келісім. Сондықтан конституциялық реформа заң үстемдігін нығайтуға, адам құқықтарының кепілдіктерін кеңейтуге, мемлекеттік институттардың қоғам алдындағы есептілігін арттыруға бағытталған жағдайда ерекше мәнге ие болады, – деді ол.

Ата заң мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары мен мүдделерін толық қамтамасыз етеді. Конференцияда Конституциялық комиссияның мүшесі, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитетінің мүшесі Ләззат Қалтаева Бас құжаттың осы қағидатты сақтайтынына айрықша тоқталды.

– Кейінгі жылдары еліміз мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама мен институттардың дамытуда айтарлықтай ілгерілеу

қол жеткізді. Конституциялық реформалар қоғамдық қатысу мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтеді, бұл мүгедектігі бар адамдар ұйымдарының заң шығару үдерісіне және мемлекеттік шешімдер қабылдауға неғұрлым белсенді қатысуына жағдай жасайды, – деді ол.

Тақырыптық пікір алмасу барысында қатысушылар жаңа Конституциядағы құқықтық жүйені дамытудағы, конституциялық мемлекеттілікті нығайтудағы рөлін талқылады. Заң алдында жұрттың бәрінің тең болуы, сот төрелігіне қолжетімділік, заңнаманы жетілдіру, қоғамдық келісімді нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Адам құқықтарын қорғау аясындағы қазіргі заманғы сын-қатерлер, құқықтық мәдениет деңгейін көтеру, осы бағыттағы ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту мәселелері де талқылауға өзек болды.

Конференцияда отандық жетекші ғалымдар, Конституциялық соттың, Конституциялық комиссияның, жоғары оқу орындарының, сарапшылық институттардың өкілдері баяндама жасады.

Бейнеүсірілім форматында Техас университетінің профессоры Ричард Альберт пен Франция халықаралық қатынастар институтының (IFRI) атқарушы төрағасы Тьерри де Монбриаль ой-пікірлерін білдіріп, еліміздегі конституциялық реформалардың демократиялық институттарды, құқық үстемдігін нығайтудағы, орнықты дамуды қамтамасыз етудегі маңыздылығын ерекше атап өтті.

Іс-шараларында Ата заңның мәтініне барша азаматтың тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Үкіметтің бастама көтеріп, «Инклюзивті қоғам үшін Конституция» аясында басып шығарылған Брайль карпіндегі Конституцияның таныстырылымы өтті. Сондай-ақ Конституциялық сот төрағасы Эльвира Азимова мен «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Бекежан Жәкеев жаңа Конституцияның күшіне енуіне арнайы дайындалған пошта маркасына мөр басу рәсіміне қатысты.

Жиын қорытындысында Конституциялық реформа комиссиясының мүшелеріне Мемлекет басшысының атынан алыс хаттар мен Конституцияның естелік даналары тапсырылды.

Қуатты Қазақстан құру міндеті

Бүгіннен бастап еліміздің жаңа Конституциясы өз күшіне енеді. Ғылым, жоғары білім және инновациялар жүйесі үшін бұл шешімнің маңызы ресми құжат шеңберінен әлдеқайда ауқымды. Бұл — еліміздің ұзақмерзімді даму бағытын айқындайтын тарихи белес.

Саясат НҰРБЕК,

Ғылым және жоғары білім министрі

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет білім, ғылым және инновацияны дамыту Ата заңда жекелеген салалық міндет ретінде емес, елдің стратегиялық даму бағыты мен ұлттық өркендеудің негізгі тіректерінің бірі ретінде бекітілді. Бұл интеллектуалдық әлеуетті нығайту, ғылыми ізденісті қолдау және инновациялық экономиканы дамыту мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының біріне айналғанын көрсетеді.

Бұл – адам капиталына, білім мен ғылымға негізделген экономиканы қалыптастыру жолындағы стратегиялық таңдау. Яғни еліміздің болашағы табиғи ресурстармен ғана емес, білімді, білікті әрі жаңашыл азаматтардың әлеуетімен тығыз байланысты. Осы салаға жетекшілік ететін министр ретінде бұл бастаманың мәнін, оның қоғам үшін ашатын мүмкіндіктерін және әрбір азаматтың игілігіне бағытталған нақты міндет екенін түсіндіруді жөн санаймын.

Жаңа бәсекеге қабілеттілік философиясы

Ғылым мен білімнің Конституция преамбуласына енгізілуі – кейінгі жылдары қалыптасқан жүйелі мемлекеттік саясаттың заңды нәтижесі. Жаңа конституциялық философияның өзегінде «адам – мемлекеттің басты байлығы әрі барлық құндылықтың қайнар көзі» деген қағида жатыр. Сондықтан білімге инвестиция салу, ғылымды дамыту және инновацияны қолдау енді тек жекелеген салалардың міндеті емес, елдің орнықты өсімі мен халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық басымдыққа айналады.

Конституциялық норма кейінгі жылдары жүргізілген нақты институционалдық реформалардың іргетасына сүйенеді. Жаңа «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданды. Тікелей Қазақстан Республикасының Президенті жанынан құрылған Ұлттық ғылым және технологиялар жөніндегі кеңес бар. Әкімдерге өңірлерде ғылыми-технологиялық саясатты іске асыру құзыреті берілді, бұл өз кезегінде ғылыми инфрақұрылымның тек Астана мен Алматыда ғана шоғырлануы сияқты мәселені еңсеруге мүмкіндік береді.

Ғылымды қаржыландыру алты жыл ішінде бірнеше есеге өсті. Бүгінде жыл сайын 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді, алайда оны жұмсау барысында қатаң тәртіп пен басымдықтарды айқындау қажет. Мен Президенттің бұл ескертпесімен толық келісемін. Ғылымға салынған әрбір теңгенің нақты нәтижесі болуға тиіс.

Сапа мен өңірлік теңгерім

Жоғары білім беру жүйесі ауқымын кеңейтумен қатар сапаға қойылатын талаптарды күшейту кезеңін бастан өткіріп жатыр. Елімізде шетелдік университеттердің 33 филиалы жұмыс істейді, олардың қатарында «МИФИ» Ұлттық зерттеу ядролық университеті (Ресей), Аризона университеті (АҚШ), Сорбонна университеті (Франция), Лотарингия университеті (Франция), Кардифф университеті (Ұлыбритания), Де Монфорт университеті (Ұлыбритания), Бейжің тіл және мәдениет университеті (ҚХР) және басқалары бар. Негізгі критерий – ашылған мекемелердің саны емес, елдің ғылыми әлеуетіне қосылатын мазмұнды үлес болуға тиіс. Салалық министрліктің басшысы ретінде мен бұл қағиданың әрбір жаңа жобаны бағалаудың негізі ретінде көремін.

Сонымен қатар өңірлік теңгерімді сақтау міндеті шешіліп келеді. Мықты университеттердің басым бөлігі Астана мен Алматы қалаларында шоғырланған, бұл ішкі көпші-қонның тең-теңсіздігіне және аймақтардағы кадр тапшылығына әкеліп соғады. Бұл теңсіздікті жою үшін он бес өңірлік және бес педагогикалық жоғары оқу орнының базасында Академиялық артықшылық орталықтары құрылды. Бұл орталықтар талантты жастардың сапалы білім алып, өз өңірлерінің экономикасын көтеруге көмекшілік береді.

Инженерлік-техникалық бағытқа басымдық беру мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Академиялық қауымдастыққа бұрыннан айтылып жүрген, бірақ көпшілікке жария етілмей жүрген мәселе мемлекеттік деңгейде ашық айтылды. Мемлекет басшысы атап өткендей, енді ұлттың менталитетін ғылым мен технологияға қарай өзгерту қажет. Министрлікке халықаралық стандарттарды ескере отырып, инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың ұлттық моделін әзірлеу тапсырылды және бұл жұмыс қарқынды жүріп жатыр.



Ғылымның практикалық қайтарымы

Мемлекет басшысы айқындаған негізгі басымдықтардың бірі – ғылымның нақты экономикаға қызмет етуі және ғылыми зерттеулердің тәжірибелік тиімділігін арттыру. Бүгінде ғылымның құндылығы жарияланған мақалалар санымен емес, оның өндіріске енгізілген жаңалықтарымен, экономикаға қосқан үлесімен және азаматтардың өмір сапасына тиіпзген нақты әсерімен өлшенеді.

Қазақстан өзге елдердің ғылыми жетістіктерін тұтынушы ғана емес, жаңа білім мен технология өндіретін мемлекетке айналуға тиіс. Бұл үшін ғылымды экономиканың нақты секторымен ұштастыру, зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруды күшейту және зерттеу университеттерін инновацияның жетекші орталықтарына айналдыру – министрліктің негізгі міндеттерінің бірі.

Сонымен қатар жоғары оқу орындары тек маман даярлайтын білім ордасы емес, жаңа білім ментехнология салынған әрбір инвестиция – елдің бәсекеге қабілеттілігіне, халықтың әлауқатына және болашақтың тұрақты дамуына салынған инвестиция.

Ғылымның нақты нәтижесі әрбір азаматтың өмір сапасынан көрінуге тиіс. Дәрі-дәрмек әзірлеу, ауызсуды тазарту, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, баламалы энергетиканы дамыту және қауіпсіз қалаларды қалыптастыру – ғылымның қоғамға беретін нақты пайдасының көрінісі. Сондықтан ғылымға салынған әрбір инвестиция – елдің бәсекеге қабілеттілігіне, халықтың әлауқатына және болашақтың тұрақты дамуына салынған инвестиция.

Жасанды интеллект дәуірі және цифрлық серпіліс

Президенттің 2024 жылғы Жолдауында жасанды интеллект технологияларын дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындалды. Нәтижесінде, 2025–2026 жылдары елімізде жасанды интеллект экожүйесін қалыптастыруға арналған кешенді институционалдық негіз құрылды. Осы кезеңде «Жасанды интеллект туралы» заң қабылданып, Президент жанынан Жасанды интеллект жөніндегі кеңес құрылды, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ашылды, Цифрлық кодекс қабылданып, «Digital Qazaqstan» стратегиясы бекітілді.

Осы саясаттың негізгі бастамаларының бірі – адам капиталын дамытуға бағытталған AI-SANA бағдарламасы. Бағдарламаның алғашқы кезеңінде студенттердің жасанды интеллект саласындағы базалық құзыреттерін қалыптастыруға басымдық беріліп, 697 мың сертификат табысталды. Қазіргі таңда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асып жатқан екінші кезеңге 100 мың студент қатысып, жасанды интеллект негізіндегі кәсіпкерлік пен технологиялық жобаларды әзірлеуде. Бағдарлама Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Пол Кимнің жетекшілігімен АҚШ-тың Zetech Inc. компаниясымен бірлесіп әзірленді.

Жалпы алғанда AI-SANA бағдарламасы төрт кезең бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде жасанды интеллект саласындағы базалық құзыреттер жаппай игеріледі. Екінші кезеңде қатысушылар AI-кәсіпкерлік негіздерін меңгеріп, өз жобаларын әзірлейді. Үшінші кезеңде 60 мың қатысушы технологиялық шешімдерді әзірлеуге тартылады. Ал төртінші кезеңнің нәтижесінде AIem.ai платформасы аясында алдын ала акселерация және акселерация бағдарламаларынан өтетін 1 500 MVP-стартап құрылады.

AI-SANA бүгінде жоғары білім беру жүйесінің бастамасынан жалпымұлттық білім беру платформасына айналды. Бағдарлама мектеп оқушыларын, студенттерді, оқытушыларды және мемлекеттік қызметшілерді қамтып, елімізде жасанды интеллект

құзыреттерін дамытудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруда.

Жасанды интеллект білім беру жүйесінің барлық деңгейіне енгізіліп келеді. Бүгінде 95 жоғары оқу орнында AI пәндері оқытылады, 30 университетте осы бағыт бойынша 42 білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Сонымен қатар еңбек нарығының сұранысына сәйкес 1,5 мыңнан астам білім беру бағдарламасы жаңартылып, университеттердің ғылыми және цифрлық инфрақұрылымы айтарлықтай күшейтілді.

Қазақстан «OpenAI», «NVIDIA», «Google», «Huawei», «Coursera» және «ETS» сияқты жетекші халықаралық технологиялық компаниялармен және әлемдік университеттермен бірлескен жобаларды жүзеге асырып келеді. Осы серіктестіктің нәтижесінде жоғары оқу орындары жасанды интеллект саласындағы екі мыңнан астам мамандандырылған онлайн курсқа және ChatGPT Edu платформасының 165 мың лицензиясына қол жеткізді.

Қазіргі таңда елімізде Huawei ICT Academy желісінің 48 академиясы жұмыс істейді. 14 өңірде Tomorrow School бағдарламалау мектептері ашылған. Ал 12 университет NVIDIA Deep Learning Institute бағдарламасына қатысады. Халықаралық жобалардың ішіндегі ең табыстыларының бірі – Coursera Business to Nation бастамасы. Бүгінде бұл жобаға еліміздің 100 жоғары оқу орны мен 255 мыңнан астам студент қатысып жатыр. Олар 5,3 миллион сағаттан астам білім алып, 554 мыңнан астам халықаралық сертификатқа ие болды. Оның ішінде 109 мыңнан астамы жасанды интеллект бағытында берілген.

Биыл Қазақстан әлемде алғашқылардың бірі болып ChatGPT Edu платформасын жоғары білім беру жүйесінің барлық деңгейінде енгізген мемлекеттердің қатарына қосылды. Жасанды интеллект экожүйесін дамытудың келесі кезеңі – Мемлекет басшысының тапсырмасымен Qazaq AI Research University зерттеу университетін құру. Ол жоғары білікті мамандар даярлайтын, озық ғылыми зерттеулер жүргізетін және ғылым, білім мен өндірісті тоғыстыратын ұлттық орталыққа айналады. Осылайша, AI-SANA бағдарламасы, халықаралық серіктестік және заманауи цифрлық инфрақұрылым Қазақстанда жаңа буын мамандарын даярлайтын тұтас экожүйені қалыптастырып, еліміздің жасанды интеллект дәуіріндегі технологиялық бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға негіз болады.

Жауапкершілік жүгі және болашақ көкжиегі

Орталық Азиядағы демографиялық өсім мен жастар үлесінің жоғары болуы Қазақстан үшін сапалы жоғары білімнің өңірлік орталығына айналуға зор мүмкіндік береді. Осы әлеуетті тиімді пайдалану үшін жоғары оқу орындарының автономиясы кеңейтіліп, зерттеу университеттері дамытылып, халықаралық білім беру бағдарламалары іске асырылып келеді. Бұл қадамдар шетелдік студенттерді тартуға, отандық ғылым мен жоғары білімнің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады. Жаңа Конституцияның күшіне енуімен ғылым мен жоғары білімді дамыту мемлекеттік бағдарламалардың ғана емес, елдің стратегиялық даму бағытының ажырамас бөлігіне айналады. Бұл саланың саяси немесе экономикалық жағдайға тәуелді емес, ұзақмерзімді басымдығын айқындайды.

Мемлекеттің кейінгі жылдары жүргізіп келе жатқан жүйелі саясаты бүгінде өзара сабақтасқан тұтас даму моделіне айналды. Оның негізгі бағыттары мыналар: бірінші, Конституциялық негіз – мемлекеттің стратегиялық даму бағыты мен құқықтық негізін айқындайды. Екінші, институционалдық реформалар – «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң мен Ұлттық ғылым және технологиялар жөніндегі кеңес арқылы іске асыру тетіктерін қалыптастырады. Үшінші, инфрақұрылымдық даму – Академиялық артықшылық орталықтары, халықаралық университеттердің филиалдары және Алатау қаласы арқылы ғылыми-білім беру экожүйесін нығайтады. Төртінші, адам капиталын дамыту – инженерлік-техникалық кадрларды даярлауды күшейтіп, AI-SANA, Tech-Orda сияқты бағдарламалар арқылы жаңа буын мамандарын қалыптастырады. Бесінші, нәтижеге бағдарлану – ғылымды өндіріспен ұштастырып, білім мен IT-қызметтер экспортын дамыту арқылы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Мемлекеттің қуаты оның жер көлемімен немесе табиғи байлығымен емес, адам капиталының әлеуетімен өлшенеді. Жаңа Конституция осы бағыттың берік құқықтық негізін қалады. Ендігі міндет – министрлік, университеттер, ғылыми қауымдастық және жастардың бірлескен еңбегі арқылы осы қағиданы нақты нәтижеге айналдыру. Ертеңгі ұрпақ бізді қабылданған заңдар мен бағдарламалардың санымен емес, талантты қолдайтын, білімге жол ашатын және жастарға өз елінде мүмкіндіктер жасай алған мемлекет ретінде бағалайды. Осындай қуатты Қазақстанды құру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

Бірлігі мықты елдің болашағы баянды

Жаңа Конституцияның преамбуласына мемлекеттілігіміздің мыңжылдық тарихы енгізілді. Бұл еліміздің тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Әрі көп сұраққа осы тетікпен нүкте қойылды.

Ата заңда білім саласының маңызы да ерекше атап көрсетілді. Қазіргі заманның басты талабының бірі – жасанды интеллект технологияларының дамуына көңіл бөлінді. Еліміз бұл бағыттағы әлемдік өзгерістерден қалыс қалмай, заманауи талаптарға сай дамуға тиіс. Сондықтан бұл да маңызды.

Еліміздің бас құжатындағы маңызды саланың бірі – адам құқықтарын қорғауды күшейту. Құқықтарды тек жариялап қана қоймай, оларды нақты нормалар арқылы жүзеге асыру қажет. Осы мақсатта адвокатураның мәртебесі конституциялық деңгейде айқындалды. Бұл сот үдерісінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, адвокаттарды тең құқықты процесс қатысушысы ретінде тануға

мүмкіндік береді. Мұндай өзгерістер алдағы уақытта көптеген құқықтық мәселенің әділ шешілуіне ықпал етеді.

Бірлік пен елдік құндылықтарына да ерекше мән берілді. Тәуелсіздікке қол жеткізу маңызды болса, оны сақтау одан да күрделі міндет. Мемлекеттің тұрақтылығы ең алдымен халықтың бірлігіне байланысты. Бірлік болмаса, ешбір мемлекеттің болашағы баянды болмайды. Сондықтан елдің тәуелсіздігін сақтап, оны келер ұрпаққа аман жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Жалпы, Конституцияға енгізілген өзгерістер еліміздің тарихи сабақтастығын, ұлттық бірлігін, тәуелсіздігін нығайтуды, білім мен инновацияны дамытуды, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Бұл – еліміздің тұрақты дамуына, болашақ ұрпақтың жарқын келешегін қамтамасыз етуге негіз болады.

Ералы ТОҒЖАНОВ,

Премьер-министрдің кеңесшісі

Құрылтай сайлауы – алғашқы саяси науқан

Жаңа Конституцияның күшіне енуі елдегі саяси реформаларды іске асырудың жаңа кезеңін бастап берді. Оның маңызды мақсатының бірі – еліміздің тұңғыш Құрылтайын қалыптастыру.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының ең соңғы бірлескен отырысында 1 шілдеден бастап елімізде түбегейлі саяси өзгерістер болатынын атап айтты. Негізгі заң күшіне енгеннен кейін өткізілетін Құрылтай сайлауы алғашқы ірі саяси науқан болмақ.

Заң шығарушы биліктің қос палаталы құрылымнан бір палаталы жүйеге көшуі заң шығару қызметін біртұтас институт аясында шоғырландырады. Бұл палаталар арасындағы қайталанатын рәсімдерді қысқартып, заң жобаларын қарау мерзімін жеделдетуге, Құрылтай жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заң шығару үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ететін, парламенттік бақылауды

жүзеге асыратын, қоғам мүддесінің кеңінен ескерілуіне жағдай жасайтын негізгі тетіктер толық сақталады.

Құрылтай институтының енгізілуі – Президенттің мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған реформалар бағытының қисынды жалғасы. Жаңа модель азаматтардың өкілдігін кеңейтуге, депутаттардың саяси жауапкершілігін күшейтуге, заң шығару үдерісіндегі артық бюрократиялық рәсімдерді оңтайландыруға, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңадан құрылатын Құрылтай қатарына еліміздің алға дамуына, жетілуіне, жан-жақты өсіп-өркендеуіне бар күш-жігерін салатын білімді, білікті, мемлекетшіл азаматтар жиналады деп үміттенеміз.

Нұртөре ЖҮСІП,

қоғам қайраткері

Алдағы күнге деген сенім

Отыз жылдан астам жұмыс істеген қос палаталы Парламент өзінің миссиясын толықтай орындады. Еліміздің нығаюына, дамуына, заманауи мемлекет болуына өлшеусіз үлес қосты. Соның ішінде сегізінші шақырылымдағы депутаттар да өздеріне жүктелген халық алдындағы міндеттерін толыққанды атқарды деп сеніммен айта аламын.

Осы кезеңде жуырда ғана қабылданған бес конституциялық заң, Бюджет, Салық, Құрылыс, Цифрлық кодекстер, Жасанды интеллект туралы заң секілді маңызды құжаттар өмірге келгенін айта кетуіміз керек. Әрбір заңның еліміз үшін орны ерекше. Ойткені әрқайсының көтерген жүйелі азаматтарының мүдделеріне тікелей қатысты.

Соның ішінде біз,

«Қазақстан халық партиясының» фракциясы 7 заң жобасын әзірледік. Екеуіне Мемлекет басшысы қол қойып, қабылданды. Бесуі қабылданып үлгермеді. Мен алдағы уақытта Құрылтай қатарынан біздің партияның өкілдері де орын алады деп үміттенемін. Сол кезде аяқталмаған жұмысымызды соңына дейін жеткізуге атсалысамыз.

Мен әрдайым болашаққа сеніммен қарайтын адаммын. Бүгінгі өзгерістер елімізді жаңа заман талаптарына сәйкес жаңыртудың бір кезеңі ғана. Бүгін жасай алмаған ісімізді алдағы уақытта жетер жеріне толыққанды жеткізіп, қоғам игілігіне ұсынуға әбден болады.

Магеррам МАГЕРРАМОВ,

қоғам қайраткері

Ел мен қоғам жауапкершілігі

Халқымыз жақсылыққа, өзгеріске жұмылып, мемлекетіміздегі саяси реформалар жауапты кезеңге көтерілгенде бізге қоғам қуаты, әдеби мен мәдениеті аса қажет.

Күні кеше Үкімет үйінде өткен алқалы елдік жиында Президент Қ.К. Тоқаев: «Қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударылуы қажет» деді. Сондай-ақ «Халық үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады» деп тұжырымдады. «Елдегі өзгерістің иесі халық болуға тиіс» деген ойы да көкейкесті естілді.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Ұлт даналығы «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді. Бұл өлшемнің ел мен қоғам жауапкершілігіне тікелей қатысы бар. Мәселен, Тәуелсіздік алғанымызға 35 жыл толғалы отыр. Ал 50 жылдық межеге 15-ақ жыл қалды. Занды сұрақ туады: біз қоғам ретінде жаңарудың қандай тетіктерін жүзеге асыра алдық? Бір сәт мәселені басқа қырынан қояйық. Кеңестік кезеңде - 70-80 жылдары «шіркін, мына дерттер жойылса ғой» деп армандаған, азаттық кезеңде - 90-жылдары «енді мына пәледен арылмасақ, дамуымыз екіталай» деп кіжінген жаман әдеттен құтылдық па?

Шынын айтайық, бұл жерде билікті де, заңды да кінәлаудың, жазырудың еш жөні жоқ. Қоғам дертін не жазады, қай әрекет, іс-қимыл түзейді – мәселе осында.

Енді елдік іске жанкүйер азаматтар, зиялылар сынап жүрген бүгінгі теріс ғадеттерге тоқталайық.

Әдепсіздік пен дарақылық. Былай-ша қарағанда, отбасы, мектеп, орта бұл қылықтардың орынсыздығын, жамандығын түсіндіріп-ақ жатқандай. Бірақ түрлі отбасы, қилы мектеп, әр деңгейдегі орта бары белгілі. Сонымен бірге төрт құбыласы тең жерде өскендерден де одағай мінез шығып жататыны мәлім.

Осы екі күрделі жағдай адами этиканы, әдепті сақтамағандықтан туындайды. Мысалы, қоғамдық жерде өзін-өзі ұстау, қай орында қандай сөз айтуды білу, үлкенді құрметтеу, жағдайсызды (мүтедек, кембағал, мүсепір т.б.) түсіну, баланың немесе жастардың көзінше іс-әрекетті, сөзді, бағаны орынды қолдану, үлкен-кіші жынында дәстүрді сақтау, арсылыққа, өтірікке төзбеу, жалған серттесуге куәлік бермеу, әсіре мақтаннан, сөзуарлықтан аулақ болу, ең бастысы ел, қоғам, орта, әулет, отбасы алдындағы жауапкершіліктен айнымау – әдептің асыл арқауы.

Жоғарыдағы қасиет әрқашан дұрыс қалыптасып, жалғасын тапса, қоғамдық орыннан әлеуметтік желіге дейін, адами қарым-қатынастан мемлекеттік қызметке дейін кәсібилікке, мәдениетке, парасатқа, жасампаздыққа бет бұрары анық.

Бірден айтайық: жаңа Ата занымызда жазылған Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихи сабақтастығы, ірі даналарымыздан бастап, өзіміздің қарапайым да жауапты ата-бабамызға дейінгілердің тіршілігіндегі ісі, мұрасы, өсиеті осы әдептілік қандатына сұарылған. Гендерлік саясат, тепе-теңдік ұлт дәстүрінің, парасатының өн бойында тұр. Ана, қыз баласы, әйел заты («зат» - заде, әрі қасиет, әрі болмыс) – әдеп пен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің өзеі.

Дарақылық – мәдениетсіздіктің, жөнсіздіктің бір атауы. Дарақы адам қайдан шығады? Қоғамның, айналаның, тіпті жақын туыстың, бауырдың дер кезінде дұрыс баға бермеуінен, жанашырлықпен сын айтпауынан шығады. Тәуелсіздіктің елең-алаңын қосып есептегенде 40 жылға жуықтайтын кезеңде не болмады? Тікұшақтан ақша шашу мен жүзімші қажылығын тойлауға дейінгі дарақылықты жұртшылық көрді. Немесе «Біз көптің бірі еместіз» деп, мейрамханада орындықтарын үстіне кір аяқ киімімен шығып, тост айтқандар туралы факті де бар. Мұны айтасыз, өзі бір ғылыми мақала жазбай-ақ том-том кітаптың авторы атанған «Балымдар» көбейді. Өкінішке қарай, ғылым мен шығармашылық нарыққа айналғанда, кітап оқымаған «ғұлама», көркемдік пен талғамды місе тұтпайтын «жазушы», есті әнді аяққа таптаған «музыкант» ілуде бір емес, қарасы артты. Бұл да – дарақылықтың көрінісі.

Осы ұсқынсыз дүние Тәуелсіздік мұраттарын да бүлдіргені жасырын емес. Біз ономастикалық саясаттың «Көкемнің аты – көшеге, атамның аты – ауылға» ауруы жөнінде айтып отырмыз. Бір кезде түрлі шаруашылық, мекеме, мектеп т.б. басқарған, бірақ биік елдік деңгейден көріне алмағандар Маркс, Энгельс, Ленин, Крупская, Дзержинский, Ворошилов т.б. кеңестік культ тұлғалардың орнына келді. Сондай-ақ бар өңірде санауды 40-50 тұлғаның есімін қайталай беру де қисынды деп ойламаймыз. Ұлы даланың мың жылдық тарихын бұрын армандап, қазір шегелеп жазғаннан кейін, 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» жұртқа ұсынаған соң топонимикадағы талғам мен ұстаным да жүйелі, кең,

дарақылықтан ада болғаны жөн. Бұл – халықтың, зиялылардың пікірі, ұсынысы.

Қиындыққа, жаза басуға жол беретін дарақылық айтылған жерде қарапайым, тұрмыстық мәселерді айналып өте алмаймыз. Бұл – тойдан құдайы асқа дейінгі өмірлік салт-дәстүрдің у бастағы мақсатынан ажырауы. Аға буын да, орта буын да «Тойға барсақ, шаршап қайтамыз» дейді. Жастар мұны «ескіліктің сарқыншағы» деп бағалайды. Кейде қату, кейде тату осы бағаның негізі бар ма? Әрине, бар. Бұған да себеп – дарақылық. Мейрамханалардың дыбыс күшейткіштері, мәдениетсіз асабалар, ағыл-тегіл дәм мәзірі сыналғаны қашан!

Ұлтымыз үшін дәм, нан – қашанда қадірлі, қастерлі дүние. ХХ ғасырдағы аштықта 3,5 млн адамынан айырылған ел ретінде біз нан қоқымында бағалай білуіміз керек. Бірішек қала адамына жорықта жүрген батырдың тамағын ұсынғаннан кейін, әрине, ас рәсуа болады. Жай ғана ауыз тиген тәрелке тола дәм қоқысқа кетеді... Дәл сол кезде сан мыңдаған қандасыңыз бір тостақ қарапайым көжені аңсап жүреді. Дарақылықтың ауырлығы осындайда сезіледі.

Түрлі той немесе ас рәсімін қарапайым деңгейде өткізіп, адам өмірінде, ұрпақ тағдырында есте қалар кезеңді саналы түрде қайырымдылық шарасына бұрып жүрген жастар да, орта һәм аға буын өкілдері де байқалып қалады. Біздіңше, осы азаматтардың қоғамшылдығын, халықшылдығын қолдаған абзал. Өйткені ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары да осындай мәдени-тұрмыстық игі істер атқарып, жағдайсыз шәкірттерге, жоқ-жігіттерге жәрдемдескен.

Бұл ретте еліміздің біраз өңірінде кісі қайтқанда қаралы үйді мазалап ас-су беруге, қазан көтеруге көңдіру тоқтатылды. Сондай-ақ марқұмға Құран бағышталатын дастарқанның, діни мерекелер мен Ораза мәзірінің қарапайым болуы қадап айтылды. Мұны дұрыс бастама санаймыз.

Әдептілікке байланысты да қоғамда түрлі игі ұсыныс көтеріліп, іске асырылып жатыр. Бірақ ол аздау. Әдептілік ұлғайып, қоғамдық сипат алған сайын халықтың мәдениеті артып, еңсесі көтеріледі.

Жылаңқылық пен арсыздық. Жалпы адамда білім, намыс, жауапкершілік артса, өзінің әл-ауқатына, тұрмыстық жағдайына, тіпті әлеуметтік мәртебесіне біреу кінәлі деп ойламайды. Бәрін «өзім шеше білуім керек» деп есептейді. Жылаңқы адам – ой түкпірінде тек материалдық игілік, басқадан көбірек алсам деген өзіміздік тұратын жан. Сонымен бірге елде, қоғамда жүріп жатқан оң өзгерістерді, соған жеке үлес қосуды ойламай, сарыуайым мен күйректікті қолжаулық ететін жігерсіз кісі. Жылап жүріп өз қамын күйттейтіндер де, қоғамның алаң көңілін сенімсіздікке бұратындар да ел тұрғындар қатарынан емес. Соқырдың көзінен жас аққандай шын жылау бар да, жұрт алдарлық имитация да бар. Өнер – қоғамның, тағдырдың айнасы. Мысалы, байырғы халық жыры «Елім-ай»-дан кейінгі Ж.Сәтібеков пен А.Қоразбаевтың «Қара кемпіріне» дейін – ұлт трагедиясының көрінісі. Ал енді бүгінгі той-томалақта әжептәуір нәпақа тауып, жұрт көңілін аулау үшін жылаңқы ән айтатын музыканттар халық талғамы мен сұранымын қанағаттандырып жүр деп ойламаймыз. Ән-күй, поэзия мен проза, драматургия мен кино, басқа да өнер саласы тарих пен осы күннің аралығын тең ұстап, ұлт жасампаздығына, ерлігіне, ақыл-парасатына, интеллектуалдық өрісіне көңіл бөлсе ғана ел жаңаруы сәтмен жүзеге асады. Одан да түсінікті айтсақ, бізге Қорқыттың өлім мен өмір тайталасын ұғындырғаны, Асан қайғының жерұйық іздегені маңызды. Сондай-ақ беріде Жәңгір хан мен Махамбеттің арасындағы мүдделік қақтығыс мәнді емес, Бөкей ордасы басшысының қазақ даласына өркениетті жақындата түсуі, Махамбеттің елін сүйген, досын қадірлеген болмысы бағалы. Тіпті 20-30 жылдардың аштығын, қырғынын айтқанда да «мың өліп, мың тірілген» елдік рух, жоқтан бар еткен сенім қастерлі. Абайдың қара сөзіндегі пессимизмнен бұрын тәжірибесін хатқа түсірген, қиындықтан сақтандырған оптимизм қадірлі.

Арсыздық – ұялмаудың, есеп бермеудің, әдетті, дәстүрді елемеудің нақ өзі.



Қолжазба жасаған – Зүреш СМАҒҰЛ, «EQ»

Бүгінде қайбір замандас мұны өз өресіне сай батылдықпен, тәуекелшілдікпен байланыстырады. Бұл мүлде қате. Арсыздық – осы күннің ғана жемісі емес, адамзат жаралғаннан бері келе жатқан психологияға қатысты ұғым. Бірақ қоғам да әдет, дәстүр, адами қарым-қатынас, заң, тәртіп қағидаттары жүйеленген сайын арсыздықтың айылы жиылып, кең етек жаюға жол таба алмай қалады.

Қоғам – лакмус қағазы сынды. Бұрқсарқ қайнаған түрлі психология, пейіл мен ниет жұрт алдына шығып жатады. Мысалы, бізде түрлі жарыс, бөйге өтеді. Оны ұйымдастырушы да, оған қатысушы да бір мақсатты көздеуге тиіс. Ол – талантты тану, соған баға беру. Ал енді осы шынайы бәсекеге арсыздық араласса, осы жарыс пен бөйге өз мақсатын, мәнін жояды. Екінші, жарыс әділ жүргізілсе, жеңілген адам да алға озғанның қуатын да, бағын да күндей алмайды. Өмірдегі жарыста, ақыл-ой бөйгінде спорттағы шарттылық жүрмей қалады (мәселен, қарсыласы келмей қалған жағдайда жеңісті қатысушыға беру т.б.).

Сондай-ақ ғылымда атак-дәреже алғанның көшірімпаздығы (плагиат) анықталып жатса да, сол фактіні талқыламай «сіңіру», допинг дауына іліккенді «бір кезде ел абыройын көтерді ғой» деп кешіре салу – арсыздыққа берілген шынайы баға емес.

Қазіргі арсыздықтың неше түрі бар екенін жұртшылық жіті аңғарады. Әлеуметтік, тұрмыстық мәселесін шешу үшін жалған «ажырасудан» бастап, атқарушы биліктің басқа да еңбек шарттарына, келісіміне «тезірек қол жеткізу» жолында өтірік «мүтедек» болу немесе «бейшараның» рөліне ену, оның арғы жағында қоғамдық қилы бас қосуда, жиындарда «ашы сөздер», «шопығтатын фактілер» айтып, жауапты орындарды қорқытуға, ықтыруға әуестену, сол арқылы «бедел» жинау – арсыздық пен заң бұзудың өткір мәселесі.

Мұны бұрын адами, имани халықтық дәстүр реттесе, әділеттілік тұсында заң мен тәртіп жөнге салады деп үміттеніп отырмыз. Бірақ қоғам өзінің үйлесімді дамуына, адал ұйысуына кедергі қайбір өзекті жайтты өзі шешуге жұмылуы – өркениеттілік жолы.

Айталық, сіз бен біз көрген және әділдігіне шәк келтірмеген аға буын зиялылар бар ортада, классик-жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, «толыспаған толстойлар мен шала шекспирлерге» мәдениетті пілмен әп-сәтте баға берілетін. Бұл барлық салаға қатысты. Ауылда, қалада елбұзар әрекет байқалса, қоғамның өзін-өзі қорғау, өзін-өзі сақтау тетіктері бірден іске қосылатын. «Бәрі идеалды

еді» деу артық шығар, алайда ештеңе тындырмай кеудесін қағатындарды, пысықсынып ақыл айтатындарды, бетпақтық пен арсыздықты, жөнсіздік пен қиямпұрыстықты тыйып тастайтын абыройлылар, тұлғалар болатын.

Біз аз-кем әңгімемізді әдепсіздік пен дарақылық, жылаңқылық пен арсыздық төңірегінде өрбіттік. Алайда бұдан басқа ұлттық БАҚ-та жиі көтерілетін алаяқтық пен өтірік айту, масылдық пен жалқаулық мәселелері де – қоғам болып талқылайтын дерттер.

Кейінгі жылдары смартфон, интернет жүйесімен орыс тілінде жүзеге асырылып келген қаржылық алаяқтық қазақ тіліне көшкені де ойландырады. Әлбетте, заңсыз істе ұлттық шекара жоқ. Мәселен, қазір қалаға үдере көшкен қазақтың аса үлкен мәселесі – баспана, жер (қалаға жақын аумақтағы жер учаскесі) екені мәлім. Осы аяда да алаяқтық жетіп артылады. Мәселен, патерді жөндеу, жиһаз орнату т.б. «шеберлерінің» заңсыз іс-әрекеті. Әсіресе, Астана мен Алматы қаласында осындай «арзан жасаймыз» деген алаяқтарға алданған жандар өте көп. Қиналып қалғандар баспасөзден де жиі көмек сұрап жатады. Мұны да реттеудің қоғамдық тетігін тапқан жөн. «Әлеуметтік желінің күшімен өзгелерге сабақ болатын «Алаяқтардың тізімін» неге жарияламасақ?» дейді кейбір отандастарымыз. Расында, алаяқ құрылыс компаниялардың тізімі шығып жатқанда, алаяқ «ремонт жасаушылардың» аты-жөнін халық, олардың жерлестері мен тума-туыстары білгені дұрыс. Елдік, қоғамдық жауапкершілік осылай – бір-бірімізді түсініп қана қалыптасады.

Алаяқтық пен өтірік айту – ағайынды дерт. Дұрысы, біріне бірі байланысты қылмыс. Соңғысын «қылмыс па екен?» деп сұрауы мүмкін. Бұл – қылмысқа апарар жол. Имандылық тұрғысынан келгенде, ол – «жүректі қарайтатын күн».

Ойлана қарасақ, мына нарық заманында масылдық пен жалқаулық болуы мүмкін еместей көрінеді. Бірақ оны сәт сайын көріп отырмыз. Бұл қайдан шықты? Әлбетте, тәуекелсіздіктен, ақылсыздықтан, әрекетсіздіктен шықты. Он екі мүшесі сау ері (отағасы) масыл, жалқау болса, ол отбасының хал-ауалы мүшкілденіп, салмақ мемлекетке, салық төлеуші қоғамға түспей ме? Жұмыссыздық деген – шартты ұғым. Әрекетке қашанда берекет бар. Ауылда да, қала маңында да қаншама нәр, дәм, нәпақа беретін жер тұр. «Ол – біреудің жекеменшігі» дейді масыл пейілділер. Ештенесі жоқ, бос жатқан жерге әзірше жалданыңыз. Жүйелі іске асырсаңыз, алақандай жерден қыруар табыс табасыз.

Бір алматылық таксигі көріс азаматы 4 соттық учаскеге асқабақ егіп, жылына бір жеңіл көліктің, басқа да игіліктің қаржысына қиналмай қол жеткізетінін айтып еді. Сондағы жаңалығы – жарамсыз мәшине доңғалағын қақ ортасынан бөліп, 4-5 қатар егіп қояды екен. Соған салған топырақты табиғи түрде тынайтып, жұмыстан босағанда бақылайтына ұқсайды. Мұндай мысал жеткілікті. Атажұртына жетіп, мал терісі мен жүнін өңдейтін шағын кәсіп ашып, шаруасын дөңгелетіп отырған ағайындар да бар. Астаналық аяқ киім шебері Самғау Нәсіпханның талабы, бастамасы, жетістігі көпті жігерлендіргендей. Қарағандылық суретші Наталья Вшивцева ауыл-ауылдан сапалы жүн сатып алып, пікірлестерімен, шәкірттерімен бірге одан неше түрлі өнер туындыларын жасап, шағын және орта бизнестің бір көзін тапқандай.

Алматының кешегі дәрігер-педиатры Жұлдыз Қожаханова балалар аллергиясын емдеудің тың тәсілі орайында 150 ешкі ұстап, «Doktor Galmilk» атауымен осы түліктің сүтін әлемдік талапқа сай әзірлеп, саудалап жүр. Астана, Алматы, Павлодар, Атырау т.б. қалалар маңында жылыжай шаруасын жүргізіп, сапалы өнімді халыққа ұсынып отырған азаматтар да аз емес. Айталық, Алматыдан тұтан топырағы Қордайдың Көктөбесіне оралып, жылыжай өнімімен қала мен ауыл арасын жалғаған ерлі-зайыпты Дүйсен мен Әлина Әбдіралиевтер еңбегі Тараз өңірінің аузынан түспейді. Жерінің құнарлығымен мақтана алмайтын Атыраудың Махамбет ауданының өзінде 14 жылыжай бар екен. Бұл – қияр мен қызанақ қысы-жазы қиырдан емес, ауыл түбінен жетеді деген сөз. Қазір еліміздің көп өңірінде балық баптап, құс (күркетауық т.б.) өсіріп, кәсіптен нәсіп тауып жүргендердің де жүйелі іскерлігі қуаттауға лайық.

Осы азаматтардың көбі – түрлі бағдарламамен несие алып, тәуекелден жеңіске, маңдай терден абыройға жеткендер. Мұндай замандастарымыздың қатары – сан мың. Бұлардың тірлігін көріп, масылдық пен жалқаулық туралы ойлағың келмейді. Бірақ қоғамға және қайбір адамдардың таным-түсінігіне қарап амалсыз санаға салмақ түсіресіз.

Жоғарыда сөз болған әдепсіздік пен дарақылықтан, жылаңқылық пен арсыздықтан, масылдық пен жалқаулықтан қоғам қалай құтыла алады? Немесе мұндайлардың көбейе түскен үрдісін қайтіп азайтамыз?

Біздіңше, ең бірінші мұны тоқтататын күш – қоғамның сауаттылығы, жауаптылығы, қағидатшылығы. Көзі ашық әр азамат әдепсізді, дарақыны, жылаңқыны, арсызды, масылды, жалқауды дер кезінде орнына қойса, оспадар әрекетіне жүйелі баға берсе, аяғын тартып жүреді деп ойлаймыз. Әрине, бұл – қатаңдау жолы. Бірақ ел тәжірибесінде осылай жасалғанын ұ



Қолжазба жасаған – Зәуреш СМАҒІЛ, ЕҚ.

Ауқымды саяси реформаның алғышарты

Биыл 15 наурызда өткен республикалық референдумда қабылданған Конституция 1 шілдеден бастап, яғни бүгін ресми түрде күшіне еніп, еліміз өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Елдің саяси жүйесінде түбегейлі жаңғырту басталып, ескі модельден жаңа шындыққа бағытталған батыл қадамдар «Күшті Президент — ықпалды Құрылтай — есеп беретін Үкімет» формуласы аясында іске асырылады. Ол динамикалық тепе-теңдік моделіне көшуді білдіреді. Бұған билік тармақтарын қайта теңгеру мен саяси жүйені жаңғыртып, қайта жүктеу жатады. Яғни бұл билікті функционалдық бөлуге қатысты негізгі бағытты айқындайды.

Парадигманың ауысуы ескі суперпрезиденттік жүйеден бас тартуды талап етеді. Осының нәтижесінде дүниеге келген теңгерімді жаңа жүйеде Президент билік тармақтарынан тыс: Мемлекет басшысы дәстүрлі билік тармақтарының ешбіріне кірмейді. Ол – арбитр және үйлестіруші, билік тармақтары арасындағы үзіліссіз іс-қимылды қамтамасыз етеді. Тұрақтылықтың кепілі ретінде Президент саяси жүйені дағдарыстан қорғаушы және қоғамдық тепе-теңдікті сақтаушы. Биліктің функционалдық бөлінісі барысында Президенттің тікелей үстемдігі азайып, оның негізгі қызметі ретінде билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтап, олардың жұмысын үйлестіру алдыңғы қатарға шығады. Керісінше, заң шығарушы орган – Құрылтайдың рөлі айтарлықтай күшейтіліп, атқарушы орган – Үкіметтің операциялық дербестігі артып, сот билігінің толық тәуелсіздігі нығайтылады.

Нәтижесінде, биліктің жауапкершілігі қайта бөлінбек. Мұнда Президент стратегиялық бағытты айқындайды және саяси тұрақтылықтың кепілі болады. Құрылтайдың заң шығару ықпалы артып, халық атынан бақылау жасау әлеуеті күшейеді, ал Үкімет толықтай Құрылтай алдында есеп беретін болады. Заң шығару үдерісіндегі теңгерімді Құрылтайдың негізгі заң шығарушы орган ретіндегі дербестігі мен рөлінің артқандығынан көруге болады. Бұл жерде Президенттің заң шығару бастамашылығы сақталғанымен, рөлі салыстырмалы түрде қысқарған. Ол қабылданған заңға қол қояды. Яғни бұл шектеулі, бірақ маңызды ықпал деуге болады. Енді Құрылтайға келсек, онда ол ұлттық диалог алаңы ретінде ашық саясат тетігін іске асыратын қоғамдық үнге айналмақ. Оны қоғамдық пікірді тікелей Президентке жеткізуші ұлттық алаң деп қарастырған жөн. Сонымен бірге осындай кері байланыс орнауының арқасында Президент Құрылтай арқылы халықпен тиімді қарым-қатынас орнатады. Нәтижесінде, мемлекет пен қоғам арасындағы ашықтық пен сенімнің артары сөзсіз.

Үкіметті қалыптастыру мен оның жауапкершілігін арттыру мәселесінде Құрылтайдың Премьер-министрді тағайындаудағы рөлінің күрт жоғарылайтыны анық. Президент өзіне бақылаушы және келісуші рөлін алып, формальды бекіту функциясына ие болып отыр. Ал Үкімет болса, экономика мен стратегияны жүзеге асыруда толық дербес әрекет ете алады. Ендеше, Үкімет тікелей Құрылтайға тәуелді болып, саяси жауапкершілік толығымен Үкімет пен Құрылтайға ауысады. Үкіметтің толық операциялық жауапкершілігі де қамтамасыз етілген. Құрылымдық тұрғыда министрліктер толығымен Үкіметке бағынады. Президент күнделікті басқарудан босатылған, стратегиялық деңгейдегі жоғары атарушы биліктің символдық басшысы.

Жаңа конституциялық модельде Вице-президент дауазымын инновация деп қарастырған абзал. Сондықтан аталған институтты енгізу барысында өкілеттіктердің одан әрі бөліну үдерісі басталып, Вице-президент Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді. Ол Мемлекет басшысы айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын болады.

Халық Конституциясына сәйкес, Президенттің тікелей құзыретіне мемлекеттің қорғанышы болу да жатады. Себебі қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік пен сыртқы саясат саласы

«Күшті Президент» қағидатының сақталатынын көрсетеді. Демек ішкі саясат пен экономика орталықсыздандырылғанымен, мемлекеттің сыртқы тұтастығы мен оның қауіпсіздігі тікелей Президентке бағынышты болмақ.

Әділ сот және теңгерімді бақылаудағы жаңа жүйенің белгілеріне сот тәуелсіздігінің нақты артуын, конституциялық бақылаудың теңгерімді тетігін және Жоғарғы Сот Кеңесінің мәртебесі мен ықпалының күшеюін жатқызуға болады. Ал Президент Тәуелсіздікке кепілдік беруші ретінде кадрлық тағайындауларға қатысады, бірақ басқа институттардың да қатысуы кеңейтіліп, саяси монополия азаяды.

Жаңа Конституцияда диалогтік мемлекет моделін құруға үлкен қадам жасалған. Құрылтай қоғамдық диалогті ең жоғары алаңы болса, Қазақстан Халық Кеңесі қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін кеңесші органға айналмақ. Бұл үдерісті ел көлемінде орталықсыздандырылған жергілікті басқарудың тірегі саналатын мәслихаттар мен сайланбалы әкімдер ілгерілететін болады. Ал Президент – «байланыс арнасы». Қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты орнатушы, қоғамдық және этносаралық келісімді қамтамасыз етудің басты кепілі.

Көріп отырғанымыздай, демократиялық орталықсыздандыру мәселесінде өңірлерге ерекше мән берілген. Өңірлік билікте мәслихаттардың рөлі мен өкілеттіктері айтарлықтай кеңейтілген. Жергілікті басқаруда әкімдерді тікелей сайлау элементтері енгізіліп отыр. Мұндағы Президенттің ұстанымына келер болсақ, онда ол жергілікті билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту стратегиясын ғана айқындайды. Микроменеджменттен бас тарту арқылы Мемлекет басшысы аймақтық биліктің жұмысына тікелей араласпайды, оған тек қана жанама ықпал етеді. Сонымен билік теңгерімінің іс жүзіндегі көрінісінде Президенттің тікелей үстемдік етпейтіні, тек сол тетіктің мінсіз жұмыс істеуін қадағалайтындығы айқын байқалады.

Жаңа конституциялық модельдегі Президент институтының трансформациясында үш басты өзгеріске куә болып отырмыз. Біріншіден, ол – суперпрезиденттік жүйеден теңгерімді президенттік-парламенттік модельге өту. Екіншіден, Президент билікті шоғырландырушыдан, оны үйлестіруші және оған стратегиялық бағыт берушіге айналады. Үшіншіден, аталған институт тікелей басқарушыдан, саяси жүйенің тұрақтылығына және кепіліне трансформацияланады. Мұны демократиялық жүйеге қарай жасалған нақты беталыс деп түсінген жөн. Сонымен бірге өзара бақылау күшейтіледі. Билік тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйелі дағдарыстардың алдын алуды қамтамасыз етуге керек. Бұл – әр элемент басқаларын қолдайтын және демократиялық дамудың қайтымсыздығын қамтамасыз ететін тұрақты теңгерімді модельдің орнығуына алғышарт жасалды деуге мүмкіндік береді.

Бұған дейін бұрынғы Парламент палаталарының бірлескен отырысында республикалық референдумда қабылданған жаңа халықтық Конституцияны іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» заңдар қабылданды. Нәтижесінде, Президент туралы заң жаңа Конституцияның ережелеріне бейімделіп, оның нормалары пысықталып, редакциялық тұрғыдан жақсартылды. Сол сияқты бір палаталы Құрылтайдың конституциялық-құқықтық негізі бекітілді. Аталған құжатта Құрылтайды ұйымдастыру

мен оның қызметі құқықтық тұрғыда реттеліп, депутаттардың да құқықтық мәртебесі айқындалды. Бұл Құрылтай мен Үкімет арасындағы өзара іс-қимылды жүйелеп, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуіне негіз болады.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» конституциялық заңдары, «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң және Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң шықты. Мұнымен қоса, Президент Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Конституцияда әкімшілік сот төрелігі сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітілді.

Бұл заңдар жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртып, аталған құқықтық реформалар елімізде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге де тың серпін бермек. Халық пен билік өкілдерінің қарым-қатынасы мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сонымен бірге қолданыстағы заңнамаларды Конституция талаптарына сай өзгерту жұмысы жалғасып, Үкімет, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік-құқықтық актілерді жаңа Конституцияға сәйкес келтіру жөнінде қажетті шараларды атқармақ. Бұл өзгерістер күшіне енген соң, мәслихаттардың ықпалы арттады. Жакын арада Құрылтай сайлауы өтуі керек және Халық кеңесі құрылатын болады. Бұл орган түрлі өңірлердің, әлеуметтік топтар мен құрылымдардың мүдделерін біріктіріп, бірыңғай ұлттық күн тәртібін қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Осылайша, ол халықтың шынайы үнін жеткізетін, стратегиялық деңгейде ықпал ететін бірегей институтқа айналуы керек.

Сонымен жаңа Конституцияны іске асырудың құқықтық тетіктерін бекіту мемлекеттік билік тармақтарының мәртебесі мен құзыреттерін нақтылады. Бұл ауқымды саяси реформаның іске асырылып жатқанының нақты көрінісі. Еліміздің басты құжаты Президент Қ.Тоқаев атап айтқандай, болашаққа бағытталып, қазақ қоғамының дамуының қозғаушы күшіне айналмақ. Бұл үдеріс халықтың болмысын, ұлттық құндылықтар мен сана-сезімін, азаматтардың дүниетанымын өзгертпек. Ол «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтырып, қоғам мүшелерін заңды құрметтеп, қадірлеуге, оны қолдауға шақырады. Жаңа Конституция адам және оның өмірін басты құндылық ретінде танып, азаматтардың барлығына тең мүмкіндік беретін және олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін әділетті қоғам құрудың кепілі болмақ. Сонымен бірге халық Конституциясында заң үстемдігін қамтамасыз ету мен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мемлекеттік саясаттың басты міндеттері ретінде айқындалған. Ендеше мұны мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайтудың және еліміздің тұрақты дамуы, халық пен билік арасындағы өзара сенім мен келісімнің кепілі деуге толық негіз бар. Демек түбегейлі өзгерістер ішкі саясаттың мазмұнын жаңартып, оның бағыт-бағдарын айқындай түсетіні анық.

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

Әділ қоғамның негізі

Бүгін күшіне енген Ата заңымызда көрініс тапқан басты құндылық – барлық азаматтың заң алдындағы теңдігі. Әлеуметтік мәртебесіне, қызметіне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан әр адамның құқықтары бірдей қорғалуға тиіс. Тең мүмкіндік – бұл құқықтарды жүзеге асыруға жағдай жасау.

Білім алу, еңбек ету, кәсіпкерлікпен айналысу, мемлекеттік қызметке орналасу, сот арқылы қорғану сияқты негізгі құқықтардың барлығы азаматтарға тең дәрежеде қолжетімді болуы қажет. Сондықтан жаңа Конституция әр адамның өз әлеуетін жүзеге асыруына құқықтық негіз қалыптастырады.

Елде болып жатқан реформалар нәтижесінде Конституциялық сот қайта құрылды. Бүгінде азаматтар өздерінің конституциялық құқықтары бұзылды деп есептесе, тікелей Конституциялық сотқа жүгіне алады. Сонымен қатар адам құқықтарын қорғау институттарының рөлі күшейтілді, өлім жазасы түпкілікті алынып тасталды, прокуратураның құқық қорғау функциялары нақтыланды. Бұл өзгерістер құқық үстемдігін нығайтуға бағытталған.

Бүгіннен бастап жаңа Конституциямыз күшіне еніп, еліміздің заң шығару жүйесі жаңа кезеңге қадам басады. Конституциялық реформаға сәйкес, осы уақытқа дейін заң шығару қызметін жүзеге асырған екі палаталы Парламенттің орнына еліміздің жоғары өкілді әрі заң шығарушы органы – Құрылтай жұмысын бастайды.

Бұл – тәуелсіз еліміздің заң шығару тарихында отыз жылға жуық уақыт бойы қызмет еткен қос палаталы Парламенттің аяқталғанын білдіретін маңызды саяси белес. Осы жылдар ішінде Парламент елдің құқықтық негізін қалыптастырып, мемлекеттік институттардың нығаюына, әлеуметтік-экономикалық

Бұл бағытта Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының міндеті – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайту. Азаматтардың өтініштерін қарап, құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу, құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру. Әрбір өтініштің артында нақты адамның тағдыры тұрғанын ұмытпай, заң аясында әділ шешім қабылдануына ықпал етуге күш салу.

Конституцияны құрметтеу – мемлекетті құрметтеу деген сөз. Әр азамат өз құқығын біліп қана қоймай, өзгенің құқығына да құрметпен қараса, заң үстемдігі орнығып, әділетті қоғам қалыптасады. Жаңа Конституция бізге тең мүмкіндіктер ұсынады. Ендігі міндет – сол мүмкіндіктерді жауапкершілікпен пайдаланып, еліміздің дамуына үлесімізді қосу.

Баян ЖАЛМАҒАНБЕТОВА,
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі

реформалардың заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілуіне, демократиялық үдерістердің дамуына елеулі үлес қосты.

Ал жаңа Конституцияның күшіне енуімен басталатын кезек мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге, заң шығару қызметінің тиімділігі мен жеделдігін арттыруға, саяси жауапкершілік пен қоғам алдындағы есептілікті күшейтуге бағытталған. Сондықтан соңғы бірлескен отырыс тек бір парламенттік сессияның ғана емес, тұтас бір конституциялық дәуірдің қорытындысын жасап, Қазақстанның саяси жаңғыруындағы жаңа кезеңге жол ашқан тарихи оқиға ретінде бағаланады.

Азат ПЕРУАШЕВ,
қоғам қайраткері

Айрықша тарих бастауы

Біз ел өміріндегі айрықша тарихи сәтке куә болып отырмыз. Жаңа Конституцияның күшіне енуі – еліміздің саяси жаңғыру жолындағы маңызды кезеңнің басталғанын білдіреді. Бұл өзгеріс мемлекеттік басқару жүйесін уақыт талабына бейімдеп қана қоймай, билік тармақтарының жұмысын жетілдіруге, заң шығару қызметінің тиімділігін арттыруға және қоғам алдындағы жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Отыз жылға жуық уақыт еліміздің құқықтық жүйесінің қалыптасуына және дамуына қызмет еткен қос палаталы Парламенттің соңғы бірлескен отырысында өткенге баға беріліп, алға жаңа міндеттер қойылды. Мыңдаған заң қабылданып, тәуелсіз еліміздің құқықтық іргетасы қаланып, мемлекеттің барлық саласын қамтыған реформалардың заңнамалық негізі жасалғаны айтылды.

Ендігі кезекте Қазақ елі мүлдем жаңа конституциялық модельге көшеді. Бір палаталы Құрылтай құрылып, еліміздің жоғары өкілді әрі заң шығарушы органы ретінде жұмысын бастайды. Бұл жай ғана институт атауының өзгеруі емес. Бұл – заң шығару үдерісін жетілдіруге, шешім қабылдау тетіктерін оңтайландыруға, халықтың мүддесіне жедел әрі тиімді жауап беретін мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Конституциялық реформалардың түпкі мақсаты – әділетті, ашық және жауапты мемлекет құру. Сондықтан алдағы кезеңде Құрылтайдың жұмысы заң шығару сапасын жаңа деңгейге көтеріп, мемлекеттік институттардың өзара үйлесімді қызметіне және елдің орнықты дамуына тың серпін береді деп сенемін.

Абзал ҚҰСПАН,
заңгер

ЖОЛ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ

Жезқазған – Қарағанды автожолы қайта жаңғырады



Халықты ұзақ жыл күттірген республикалық маңызы бар Жезқазған – Қарағанды автожолын қайта жаңғырту жобасы ресми түрде қолға алынды. Жолдың жалпы бағыт ұзындығы — 572 шақырым. Оның 335 шақырымы Ұлытау облысының аумағы арқылы өтеді. Жобаға тапсырыс беруші — «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ. Жезқазған – Қарағанды автожолының құрылысын халықаралық қаржы институттары қаржыландырады.



Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Республикалық маңызы бар жол құрылысының салтанатты түрде бастау алуына арналған іс-шараға Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, мердігер ұйымдардың өкілдері қатысты.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев: «Бұл – Мемлекет басшысының тікелей бақылауындағы, ел үшін айрықша маңызы бар әрі көптен күткен жоба. Бүгін оның құрылысына ресми түрде бастау беріліп отыр. Жоспарға сәйкес жоба 2029 жылы аяқталуға тиіс. Болашақта бұл автожол елдің солтүстік және орталық өңірлерін оңтүстік аймақтармен байланыстыратын аса маңызды көлік дәлізіне айналады. Мердігер ұйымдармен келіссөздер жүргізіп, тиісті міндеттер жүктейміз. Дайын болған учаскелер

бойынша қозғалыс бүкіл тас жолдың құрылысы толық аяқталғанын күтпей-ақ, кезең-кезеңімен ашылатын болады. Негізгі мақсатымыз – құрылыс қарқынын жеделдетіп, жобаны мүмкіндігінше ертерек аяқтау», дейді.

Жаңа автожол қолданыстағы тас жолмен қатар салынады. Жоба аясында қауіпсіздік пен сапаның заманауи талаптарына сай келетін жаңа ІІ техникалық санатқа ауыстырылып, әр бағытта екі жолақтан болады.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма

төрағасы Дархан Серікұлы жобаның Қазақстанда тұңғыш рет DBM (Design – Build – Maintain) форматында іске асырылатынын жеткізді. Демек мердігер компаниялар жолды өздері жобалайды, салады. Пайдалануға берілгеннен кейін жеті жыл бойы өз күшімен күтіп-ұстауға яғни жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Құрылыс жұмыстары бір мезгілде төрт учаскеде жүргізіледі. Қазір құрылысшылар аумақты дайындау, жобалау және жер төсемін салу жұмыстарын бастап кетті.

«Барлық жауапкершілікті бір ғана мердігер ұйымның қолына шоғырлануы жобаны іске асыру үдерісін тиімді әрі ашық етеді. Жұмыстарды 2029 жылы аяқтап, осы жол учаскесінде көлік қозғалысын ашуды жоспарлап отырмыз», дейді Дархан Иманашев.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл жобаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретінін айтып, маңызды жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін Мемлекет басшысы мен

Қазақстан Республикасының Үкіметіне шынайы ризашылығын білдірді. Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков республикалық маңызы бар бұл автожолды қайта жаңғыртуды өңір тұрғындары мен мыңдаған жүргізуші ұзақ жылдар бойы күткенін айтты.

Жоба толық аяқталса, өңірлер арасындағы көлік қатынасы жақсарып, жол қозғалысының қауіпсіздігі артып, жолаушылардың уақытын біршама үнемдеуге мүмкіндік туады.

Ұлытау облысы

САРАПТАМА

Құрылыс саласын қандай өзгеріс күтіп тұр?

Бүгін елімізде жаңа Құрылыс кодексі күшіне енді. Бұған дейін бірнеше заңмен реттеліп келген сала енді біртұтас құжат аясында жұмыс істейді. Білік бұл өзгеріс құрылыс сапасын арттырып, бақылауды күшейтеді деп есептейді. Ал сарапшылар жаңа талаптар тұрғын үй нарығындағы бәсекеге, құрылыс компанияларының шығынына, баспана бағасына да ықпал етуі ықтимал екенін айтады.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Бұрын құрылысқа қатысты талаптар бірнеше заң мен нормативтік актіде шапыраңқы түрде қарастырылатын. Ал жаңа ережеде нысанның бүкіл өмірлік циклі қамтылған. Яғни жоспарлау, жобалау, құрылыс, пайдалануға қабылдау, кейінгі пайдалану және қауіпсіздік мәселелері бір жүйеге келтірілді.

«Кодекстің басты жаңалығы – құрылыс сапасына, қауіпсіздікке, цифрландыруға және бақылауға қойылатын талаптардың күшеюі. Сонымен қатар сейсмикалық аймақтарда құрылыс жүргізу, инженерлерді сертификаттау, қоғамдық талқылау, мемлекеттік бақылау, нысандарды пайдалануға қабылдау рәсімдері жаңаша реттеледі. Ең маңызды өзгерістердің бірі – кепілдік мерзімдерінің ұлғаюы. Енді құрылыс объектісінің жалпы кепілдік мерзімі кемінде 5 жыл болады, ал тіреу конструкциялары, жабын мен сыртқы қабырғалардың кепілдік мерзімі кемінде 10 жыл болып белгіленеді», дейді сауалымызға жауап берген Онеркәсіп және құрылыс министрлігі Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясаты департаменті директорының орынбасары Ерлан Құлышев.

Министрлік өкілі талаптардың құрылыс компаниялары мен тұтынушыларға да бірқатар оң өзгеріс алып келетінін айтты.

«Құрылыс компаниялары үшін ең басты өзгеріс – жауапкершіліктің артуы. Енді құрылыс сапасына қойылатын талаптар күшейтіледі, мемлекеттік бақылау тиімдірек болады, ал барлық негізгі рәсімдер цифрлық форматта жүргізіледі. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, адам факторын азайтады. Сонымен қатар құрылысқа қатысушылардың әрқайсысының жауапкершілігі нақты белгіленген. Тұрғын үй сатып алушыларға да артықшылық бар. Енді тұрғын үйдің сапасына бақылау күшейіп, құрылыс нысанын қабылдау рәсімі жетілдіріледі, құрылыс туралы ақпараттың ашықтығы артады, қауіпсіздік талаптары күшейтіледі, ең бастысы – кепілдік мерзімі ұлғайтылды», дейді Е.Құлышев.

Егер үй пайдалануға берілгеннен кейін құрылыс кемшіліктері анықталса, құрылыс компаниясы оларды заңда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде өз қаражаты есебінен жоюға міндетті болады. Әсіресе ғимараттың көтергіш конструкциялары,

шатырлары мен қасбеттеріне қатысты талаптар бұрынғыдан әлдеқайда қатаңдатылды.

«Атамекен» ҰКП құрылыс және жер қатынастары департаменті директорының міндетін атқарушы Аманжол Ахметовтің сөзінше, жаңа ереже құрылыс саласындағы жұмыс тәртібін едәуір өзгерттеді. Оның басты мақсаты – мемлекеттік бақылауды күшейтумен қатар, нарықты ашық, кәсіби әрі цифрлық жүйеге көшіру.

«Маңызды жаңалықтардың бірі – лицензиялау жүйесінің ретке келтірілуі. Қазір лицензияны формалды пайдалану немесе оны үшінші тұлғаларға беру сияқты жағдай кездеседі. Енді лицензия иелерінің бірыңғай цифрлық тізілімі жасалып, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрақты түрде бақылауда болады. Егер компания біліктілік талаптарына сай келмесе, лицензиясының күші заңбұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылуы мүмкін. Бұл

адал жұмыс істейтін кәсіпкерлерге әділ бәсекелестік қалыптастыруға мүмкіндік береді», дейді А.Ахметов.

Оның айтуынша, лицензиялау жүйесінің автоматтандырылуы, мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы, Бірыңғай құрылыс порталының іске қосылуы, жеке сараптама институтының сақталуы әкімшілік кедергілерді азайтып, бизнестің мемлекетпен жұмысын жеңілдетеді.

«Құрылыс компанияларына да қойылатын кәсіби талаптар күшейеді. Инженерлік-техникалық мамандарды сертификаттау, лицензиялық талаптардың тұрақты бақылауы, техникалық қадағалау ұйымдарын аккредиттеу құрылыс саласын көтеруге бағытталған. Нәтижесінде, бәсекеде тәжірибесі мол, білікті кадрлары бар әрі сапалы жұмыс істейтін компаниялардың мүмкіндігі артады», дейді маман.

Аманжол Ахметов Кодексте инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған бірқатар жаңалықтар бар екенін айтты. Атап айтқанда, Бірыңғай құрылыс порталы арқылы құрылыс үдерісін цифрландыру, мемлекеттік ақпараттық жүйелермен автоматты жұмыс істеу, кейбір әкімшілік рәсімдерді қысқарту, техникалық тапсырыс беруші институтын енгізу, техникалық-экономикалық негіздемені



Қаладағы жоспар – Гүлмира ӘШМАНХИЗЫ, «ЕО»

міндетті кешенді сараптамадан алып тастау жобаларды іске асыру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Лицензиялау мен бақылаудың ашық тетіктері енгізіліп, сараптама қызметіндегі бәсекелестік сақталады. Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру тетіктерінің кеңеюі де инвесторлар мен тұрғындардың құқықтарын қорғауды күшейтеді. Жалпы, бұл өзгерістер инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімін қысқартып, бизнестің әкімшілік шығынын азайтуға, құрылыс саласында неғұрлым тұрақты әрі болжамды жұмыс ортасын қалыптастыруға бағытталған. Дегенмен оның нақты нәтижесі Кодекстің қалай іске асырылатынына әрі соған сәйкес қабылданатын заңға тәуелді нормативтік құжаттарға байланысты болады», деп түсіндірді А.Ахметов.

Кодекстің маңызды бағыттарының бірі – саланы толық цифрландыру. Құрылыс және жылжымайтын мүлік нарығының сарапшысы Диларя Сейітнұрованың айтуынша, әрбір құрылыс нысаны енді адамның жеке сәйкестендіру нөмірі секілді бірегей цифрлық нөмірге ие болады. Сол арқылы нысанның бүкіл тарихы – жобалаудан бастап пайдалануға берілгенге дейінгі мәліметтер бірыңғай цифрлық жүйеде сақталады.

«Салада цифрландырудың жаңа кезеңі басталады. Тағы бір маңызды өзгеріс – нүктелі құрылысқа қойылатын шектеулердің күшеюі. Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын нақты бір құрылыс жобасына бейімдеп өзгертуге жол берілмейді. Мұндай құжаттарға өзгеріс екі жылда бір реттен жиі енгізілмейді. Сонымен қатар құрылыс салушылардың, аяқсыз қалған нысандардың және сенімсіз құрылыс компанияларының тізілімі қалыптастырылады. Соның арқасында тапсырыс беруші келісімшарт жасамас бұрын мердігердің жұмыс тарихымен толық таныса алады. Әсіресе жер қоры шектеулі Алматы сияқты қалалар үшін бұл – өте маңызды өзгеріс», дейді Д.Сейітнұрова.

Сарапшының пікірінше, Кодекстің тағы бір ерекшелігі – жауапкершіліктің нақты тұлғаларға жүктелуі. Бұған дейін қандай да бір кемшілік анықталғанда жауапкершілік бірнеше тарапқа бөлініп, нақты кінәліні анықтау қиын болатын.

«Енді жауапкершілік дербестендіріледі. Егер құрылыс барысында немесе кейін қандай да бір ақау анықталса, сараптама қай кезеңде қателік жіберілгенін әрі оған нақты кімнің жауапты екенін көрсетеді. Бұл жобалаушы ма, сарапшы ма, құрылысшы ма, техникалық қадағалау қызметі ме, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы ма немесе жергілікті атқарушы органның қызметкері ме – бәрі нақты айқындалады. Бұдан бөлек, кепілдік мерзімі бес және он жылға дейін ұзартылды. Сөйкесінше, құрылыс компаниясы үйдің сапасына кілт тапсырылғанға дейін ғана емес, кейінгі

пайдалану кезеңінде де жауап береді. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесіне міндетті түрде енгізіледі. Егер құжат бас жоспарға сәйкес келмесе, жүйе автоматты түрде рұқсат бермейді. Сонымен бірге қоғамдық тыңдау өткізу міндетті талапқа айналып, оның хаттамасы жобалық құжаттаманың ажырамас бөлігі болады. Мұндай талаптарға бейімделе алмаған әлсіз компанияларға қиынға соқпақ. Ал жұмысын заң талаптарына сай жүргізетін ірі әрі жауапты құрылыс салушылардың бәсекелік артықшылығы көбейеді», деп түсіндірді сарапшы.

Заңнаманың өзгерістің құрылыс нарығына тигізетін әсері де маңызды болмақ. Мемлекет қабылдаған бастама нарықтағы бағаның өзгерісіне әкелуі мүмкін бе? Осы сұрағымызға Ерлан Құлышев былай жауап берді:

«Кодекс жаңа салық түрлерін немесе қосымша міндетті төлемдер енгізбейді. Оның негізгі мақсаты – әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, цифрландыруды дамыту әрі құрылыс сапасын арттыру. Сондықтан Кодекстің өзі тұрғын үй бағасының өсуіне тікелей әсер етпейді. Керісінше, сапалы құрылыс ұзартылған кепілдік мерзімдері, құрылысқа бақылаудың күшеюі тұрғындардың құқықтарын қорғауға, құрылыс нарығындағы адал бәсекелестікті дамытуға, жалпы саланың тұрақты дамуына ықпал етеді».

Ал Диларя Сейітнұрова заң аясында тұрғын үй бағасы бірнеше себепке байланысты өсуі мүмкін екенін жеткізді. Айтуынша, бағаға әсер ететін факторларды кеңірек қарастырып жөн.

«Биыл қаңтардан бастап қосылған күн салығының мөлшерлемесі 16 пайызға дейін көтерілді. Сөйкесінше, құрылыс компаниялары бұл шығынды бағаға енгізіп жатыр. Бұдан бөлек, міндетті сараптама, ұзартылған кепілдік мерзімдері, он жылдық жауапкершілікке байланысты қалыптастырылатын қаржылық резерв те құрылыс құнына әсер етеді. Сонымен қатар нүктелі құрылысқа қойылған шектеулер дайын инженерлік инфрақұрылымы бар аудандардағы жаңа тұрғын үй ұсынысын азайтады. Бұл әсіресе Алматы қаласында қатты сезілуі ықтимал. Сондықтан қаланың тау бөктеріндегі аудандарында тұрғын үй бағасының одан әрі қымбаттау қаупі жоқ емес», дейді ол.

Дегенмен сарапшы Кодекстің түпкі идеясы дұрыс екенін айтады. Оның пікірінше, нақты жауапкершілік, цифрлық бақылау мен ұзақмерзімді кепілдік құрылыс сапасын жақсартуға жол ашады. Алайда бұл нормалардың тиімділігі олардың іс жүзінде қалай орындалатынына байланысты болмақ. Егер цифрлық тізімдер толық жұмыс істеп, бақылау барлық өңірде бірдей жүзеге асса, Құрылыс кодексі саланы жаңа сапалық деңгейге көтеретін маңызды құжатқа айнауды өбден мүмкін.

Мың жылқының дүбірі

Биыл кереге таулы Кеген ауданының Қарқара жайлауында бесінші мәрте ұйымдастырылған «Қымызмұрындық» этнофестиваліне еліміздің әр аймағынан бөлек, алыс-жақын шетелдерден туристер легі ағылды. Сан мың бояулы түкті кілемдей құлтырған жайлау төрінде өткен дәстүрлі халықтық мерекеге 35 мыңнан астам адам жиылып, дүбірлі тойдың көрігін қыздырды.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Аспантау елінің бірегей брендіне айналған Қымызмұрындық мерекесі қазақтың көреген әулие-абызы Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығымен қатар аталып, халықтың ынтымақ-бірлігі мен жұмылған жұлдыртай тірлігін жаһанға әйгіледі. Қаз-қатар тігілген екі жүзге жуық ақшаңқан үй көк жайлауға көрік беріп, сонадан көз сүйсінтті.

Ақ қаладай бой көтерген этноауылда алтыбақан тербеліп, күй күмбірлеп, ән әуеледі. Көне дәуірден келе жатқан қолөнер көрмесі көптің назарын аударды. Ауылдың ақсамайлы қариялары, шеберқол әжелері жүн сабап, ұршық иіріп, киіз басып, кесте тігіп, енді бірі келі-келсапта бидай түйіп, талқан жасап, май шайқап, күрт-ірімшік әзірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ата дәстүрді ұлықтап, тұрмыстық бұйымдар мен ұлттық тағам түрлерінің жасалу әдіс-тәсілдерінен мол мағлұмат берді. Алыс-жақыннан жиылған зергерлердің әшекей бұйымдары, ер-тұрман, сауыт-саймандары, суретшілердің көрнекі картиналары тізіліп, көрменің көрігін қыздырды. Осылайша, ықылым заманнан Жібек жолы жәрменкесінің кіндігіне айналған, биыл ақ патшаға қарсы бас көтерген Қарқара ұлт-азаттық көтерілісіне 110 жыл толған тарихи өлкеде халықтық салт-дәстүріміз қайта жаңғырып, әулие Әлмерек Жаншықұлы бабамыздың ұрпақтары ұлан-асыр тойға арқау болды.

«Қолөнер – ата-бабамыздың негізгі кәсібі. Он саусағынан өнер тамған шеберлер малдың жүні мен терісінен тұрмыстық бұйымдардың сан түрін жасаған. Біздің ауылдың аналары Қымызмұрындыққа арнайы қатысып, жүннен текемет жасаудың технологиясын көрсетіп отыр. Жүннен жасалған текемет үйдің көркін кіргізіп қана қоймай, денсаулыққа да аса пайдалы болатынын ғалымдар зерттеп-зерделеген. Өз қолымызбен жасаған киіз бұйымдарын қыз жасауына қосып, жас аналардың қызығушылығын арттырып келеміз», дейді Ұзынбұлақ ауылының қолөнер шебері, ақсамайлы ана Қайша Бөкейқызы.

Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Түркия мен Моңғолия мемлекеттерінен арнайы қонақтар келіп, керегесі кеңге жайылған Қымызмұрындық тойы бата беру дәстүрінен бастау алды.

«Арудан асқан жан бар ма, жылқыдан асқан мал бар ма? Биенің сүті сары бал, қымыздан асқан дәм бар ма?» деп Ақтамберді бабамыз жырлағандай, ұлттық құндылығымыз қайта жаңғырған ұлы тойда кестелі ақ орамал тағып, бүрмелі көйлек, қызыл қамзол киген қыз-келіншектер бір мезетте жүз күбіні пісіп, таң-тамаша күйге бөледі. Осы күні жиылған қауым мың тонна қымыздан дәм татты.

Жазғытұрым ел жайлауға шыққанда желібауға құлын байлап, бие

сауып, алғаш ашыған қымыздың дәмін көпшілікке татқызу ниетінен туған Қымызмұрындық тойы – ағайын-туыс, ел-жұрт арасындағы береке-бірліктің, ырыс-ынтымақтың бастауы болғанын атаған этнограф-ғалым Сағатбек Медеубекұлы:

«Тәуелсіздік алғаннан кейін осы мерекені халықпен қайта қауыштырған мемлекет қайраткері Заманбек Нұрқаділов болатын. Алғаш Кеген ауданындағы Екіаша жайлауында аталып өтті. Одан кейін үзілген үміт қайта жалғанып, биыл төртінші мәрте халықаралық деңгейде өтіп жатыр. Бұл – дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың қайта тірілуінің бастамасы. Сондықтан қымызмұрындық тойы жылдан-жылға жалғасып, бүкіл республикаға жайыла берсе, ұлттық рух оянып, ертең әлемдік кеңістікте өзін танытатын болады», деген пікірін білдірді.

Жайлау төрінде өткен Қымызмұрындық этнофестиваліне Президент кеңесшісі Мәлік Оғарбаев арнайы келіп, жиылған қауымды мерекеміз құттықтап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық сәлемін жеткізді.

«Президент ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ата дәстүрімізді дәріптеуге арналған осындай тағылымды іс-шараларға ерекше мән береді. Керете таулы киелі мекен Кеген ауданында өтіп жатқан Қымызмұрындық мерекесі ұрпақтар сабақтастығын нығайта түсетініне сенімдімін. Қазақ даласындағы әр салт-дәстүрдің тәрбиелік мән-маңызы, ұлттың ерекшелігін айқындап тұратын өзіндік биік бағасы бар. Аманат болып жеткен осы құндылықтарды сақтап, оларды заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау, Президентіміз айтқандай, баршамызға ортақ міндет» – деген Мәлік Нұржанұлы сөзін одан әрі сабақтай түсті.

«Бүгінде біз бабалар аманатына адал бола отырып, ұлттық мұрамызды заман талабына сай дамытып келеміз. Қымыз өндірісінде жана технологиялар енгізіліп, өнімді сақтау, өңдеу және нарыққа шығару мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Бұл – дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтастығының нақты көрінісі. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған Әділетті Қазақстанды құру саясаты да дәл осындай сабақтастыққа негізделген. Біз жаңғыру жолына түскен мемлекет ретінде өткенімізден қол үзбей, ұлттық негізімізді сақтай отырып алға жылжуымыз қажет. Биыл өтіп жатқан Қымызмұрындық мерекесінің мазмұны ерекше. Ол қазақтың көреген абызы Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығымен сабақтасып отыр. Осыған орай қасиетті Қарқара төрінде ас беріліп, республикалық ұлттық спорт жарыстары ұйымдастырылуда. Бұл бастама Мемлекет басшысы айқындаған ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи мұраны дәріптеу және салт-дәстүрді жаңғырту бағытындағы жұмыстардың нақты көрінісі деп білеміз.

Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде Қымызмұрындық мерекесінің қайта



жаңғырып жатқаны қуантады. Мұндай іс-шараларға туристердің қызығушылығы артып келеді. Хантәңірінің көрікті етегі, Қарқараның тамашасы мен Мыңжылқының сұлу келбеті кімді де болса тамсандырмай қоймайтыны анық. Қымызмұрындық сияқты тағылымды мол мерекелер халқымыздың рухын асқақтатып, елдік сананы нығайтып, Қазақстанның мәдени келбетін әлемге таныта береді деп сенемін», деді Президент кеңесшісі.

Кеген ауданының ғана емес, тұтас Алматы облысының рухани-мәдени келбетін айшықтайтын, өңірдің туристік тартымдылығына оң әсер ететін Қымызмұрындық фестивалі биыл республикалық маңызы бар мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енгенін аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев айрықша атап өтті.

Алматы облысы бүгінде табиғи байлығы мен тарихи мұрасын ұштастыра отырып, туризмді дамытудың жаңа кезеңіне қадам басты. Өткен жылы өңірге 2,5 миллионнан астам турист келді. Бұл – аймақтың табиғи әлеуеті мен тарихи-мәдени мұрасына деген қызығушылықтың тұрақты артып келе

жатқанының айқын көрінісі. Көлсай мен Қайыңды көлдері, Шарын шатқалы, Хантәңірі баурайы, Қарқара жайлауы – Алматы облысының ғана емес, тұтас еліміздің халықаралық деңгейде танылған туристік орындары.

«Біздің мақсат – туристер санын көбейту ғана емес, олардың туған жеріміздің табиғатын, тарихын және мәдениетін терең танып қайтуына жағдай жасау. Сондықтан біз экотуризмді дамытуға ерекше басымдық беріп келеміз. Табиғатты сақтау мен туризмді дамыту – бір-бірімен ұштасқан егіз ұғым. Бұл бағыт Мемлекет басшысы бастамашылық өткен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасымен толық үндеседі.

Қасиетті Қарқара төріне еліміздің әр өңірінен зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым мен мәдениет саласының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ алыс-жақын шетелден қонақтар арнайы келіп отыр. Осы игі бастаманың жүзеге асуына үлес қосқан ақсақалдарымызға, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға атсалысып жүрген ел азаматтарына ризашылығымды білдіремін», деген облыс әкімі

Марат Елеусізұлы елдің тірлігі берекелі, бірлігі бекем болуын тіледі.

«Қымызмұрындықтың қайта жаңғыруы – ұлттық құндылықтар мен дәстүрімізді сабақтастыра түседі. Өйткені біз бүгінде қала мен ауылдарға шоғырландық та, байырғы көшпелі дәуіріміздің көне ерекшеліктері көмескіленіп барады. Бүгінгі мереке арқылы ұлттық салт-сана, дәстүріміз, ұлттық спорт ойындарымыз қайта түлеп, өскелең ұрпақтың санасына жарық сәуле түсіруде. Оның үстіне жасыл жайлауда жасалған той халықтың тамырында, тегінде бар ұлттық қодты оятып, рухты жігерлендіреді, адамдарға соны серпіні, жарқын шабыт сыйлайды. Сондықтан мұндай шараның басты мақсаты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы керек», дейді журналист, жазушы Дәулетбек Байтұрсынұлы.

Қарқара жайлауы салт-дәстүрдің ғана емес, ұлттық спорт орталығына айналды. Еліміздің барлық өңірінен келген 200-ге жуық шабандоз, сондай-ақ Қырғыз Республикасынан келген шабандоздар ұлттық ат спортының ең беделді түрлері – аламан бәйге (32 км), топ бәйге (20 км) және құнан бәйге (9 км) бойынша бақ сынады. Ұлттық мереке рухындағы дүбірлі доданы сан мыңдаған көрермен тамашалап, шабандоздарға жігер берді.

«Алматы облысында ұлттық спорт түрлерін дамытуға тұрақты қолдау көрсетіліп, жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізуге барлық жағдай жасалуда. Биылғы бәйге жарысы қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткері, ойшыл әрі рухани тұлғасы абыз-баба Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығына арналды. Осындай іс-шаралар тарихи мұрамызды сақтауға, жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға һәм дәстүрлі спорт түрлеріне қызығушылығын нығайтуға ықпал етеді», деді Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жансерік Әділахметов.

Арқаландырған аламан бәйгеде Жамбыл облысының Айттолқын атты тұлпары мәре сызығын бірінші болып кесіп, оның иесіне бас жүлдеге тігілген – JETOUR X70 FL Prestige автокөлігінің кілті табысталды. Топ бәйгеде Жамбыл облысының Бәйтерек атты сәйгүлігі бірінші болып мәреге жетіп, оның иесі CHERY TIGGO 2 PRO автокөлігін жеңіп алды. Құнан бәйгеде Қырғыз Республикасының Тансұлу атты тұлпары топ жарды. Бас жүлде – JAC J7 автокөлігін иеленді. Сонымен қатар «Түйе балуан» турнирінің жеңімпазы да автокөлікке ие болды.

Мәдени-спорттық іс-шара аясында 2 литр қымызды сіміре ішу, асық ату, сырыққа өрмелеумен қатар, қошқар көтеру, арба сүйреу, бөрене көтеру сынды алыштар сайысы ұйымдастырылып, жеңімпаздар жүлделі сыйлықтармен марапатталды.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмағанын әйгілеген этнофестивальда есімдері елге мәлім «МузАрт», «Алаш» тобы сынды эстрада жұлдыздары мен Халық әртісі Рамазан Стамғазиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Құдайберген Бекіш бастаған өнер майталмандары әннен шашу шашты.

Қарқара жайлауындағы Қымызмұрындықта елді елеңдеткен ерекше оқиға – мың жылқының айдап өтілуі еді. Дала төсін дүбірлеткен тұлпарлар тұяғы – ұлттық рухымызды аспанда тып, жылқыға деген құрмет-қошеметті арттырды. Жал-құйрығы самал желмен желбіреген мың жылқының шеруі халықтық мерекенің мән-маңызын одан бетер айшықтай түсті.

Алматы облысы,
Кеген ауданы



Өңір өмірі

Төскейдің сәні төрт түлік

Өңірде төрт түлік мал ішінара асылдандырылып, өз төлі есебінен көбейіп, мал өнімдерін өндіру көрсеткіші көңіл тоғайтатын деңгейде.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазір мал бағуға қолайлы кезең. Ең бастысы өткен еңбек, төккен тер өтеледі. Мал өнімдерінің бағасы сәл қымбаттағаннан кейін малсақ қауым құлшыныс танытып отыр. Өңірдегі қара малдың басы 474,4 мыңға жеткен. Өткен жылмен салыстырғанда, 104,2 пайыз өсім бар. Жыл басынан бері 89,5 мың тонна ет өндірілді. Бүгінгі еңбек нәтижесін кешегі күнмен салғастырып, таразы басына тартатын болсақ, алға басқан қадамның қаншалықты құт болып отырғаны айқын көрініс табар еді. Ет өндіру өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда, 101,4 пайызға көбейсе, сүт өндіру көлемі 98,6 мың тоннаға жетіп, 113,3 пайызға артқан. Жұмыртқа өндіру тарапында да өсім бар. Құс фермалары өндіріп, халықтың дастарқанына ұсынып жатқан жұмыртқа саны 294,5 миллион данаға жеткен. Өсім көлемі – 107 пайыз.

Табыс сырын саралайтын болсаңыз негізгі өнім көлемін өндіріп отырған ұйымдасқан шаруашылықтар екені белгілі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен фермерлік шаруашылықтар ірі қара мал өсіруге ден қойған. Осы арада таратып айта кетерлік бір жай, ұйымдасқан шаруашылықтардың мүмкіндігі мол. Олар бағамдағы малға жеткілікті жем-шөп дайындай алады. Жайылымдық шабындық жерлері де бар. Малға қажетті дәрумендер де қолжетімді.

Бүгінгі күні жеті ірі қара мал бордақылайтын алаң жұмыс істеп тұр. Бұл алаңдарда да 33,5 мың бас ірі қараны семіртіп, етке тапсыру мүмкіндігі бар. Бір әттеген-айы, бұл тараптағы жоспар 52 пайызды ғана қамтыған. Өзгеге үлгі боларлық деңгейде жұмыс істеп тұрған ұжымдар туралы айтатұғын болсақ, алдымен тілге Зеренді ауданындағы



«Щучинский ГМЗ» ЖШС ора-лар еді. Бұл алаңда 13 мың бас ірі қара бордақыланды. Сондай-ақ Ерейментау ауданындағы «Жана Береке – репродуктор», Көкшетау қаласындағы «Биборд», Целиноград ауданындағы «Beef Park», Жақсы ауданындағы «Новокиенка», Есіл ауданындағы «Заречный», Ақкөл ауданындағы «Ауыл бірлестігіне көмек» бордақылау алаңдарын айта кетуге болады. Олардың әрқайсысында 5 мың бастан 3 мың басқа дейін ірі қара бордақыланады.

– 2028 жылға дейін өңірде Канада технологиясын қолдану көзделіп отыр. Жаңа алаңдарда 150 мың басқа дейін ірі қара бордақыланып болады. Осы жоспар жүзеге асқанда ет молшылығы болары сөзсіз. Мұндай ұмтылыс еліміздегі ет бағасына да ықпал ететіндігі даусыз, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер

қатынастары басқармасының басшысы Нұрбек Бадыраков.

Өңірде оң тәжірибелер қалыптасқан. Мәселен, Ерейментау ауданында ет кластерін қалыптастыру жобасы жүзеге асырылып келеді. Бір жақсысы өнімі аздау жергілікті тұқымнан арылып, малды асылдандыруға ден қойған. 11,7 мың қалмақ қара малының арқасында өңірдегі мал басын сіңіре будандастырып, асылдандыруға мүмкіндік туады. Мұнда 30 мың басқа лайықталған бордақылау алаңы жұмыс істейді. Оған қоса 5 мың бас мал бордақылайтын «Жаңа береке», «Ерейментау астық-2014» серіктестіктері ет өнімін молайтуға толымды үлес қосып отыр. Өңірде 46 ет өндіретін ферма 3,9 мың бас ірі қара мал бағып, төскейдің сөнін келтіретін төрт түліктің ішіндегі етті бағыттағы мал өсіруге маманданған.

Тауарлы сүт фермалары да азық-түлік молшылығын жасауға үлес қосып отыр. Қазір өңірде 33 тауарлы сүт фермасы жұмыс істеп тұр. Тұтастай алғанда 24 мың сауын сиыр бағып отырған 47 мамандандырылған тауарлы сүт фермаларының арқасында сүт және сүт өнімдері астаналық облыстың тұтынушыларының қажеттілігін толайым өтеуде.

– Мемлекет тарапынан төрт түлікті өсіруге толымды көмек көрсетіліп келеді. 2025 жылы агроөнеркәсіп кешеніндегі

инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 13 миллиард теңге қаражат қарастырылып отыр. «Бурабай Милк» серіктестігіне 3,1 миллиард теңге несие берілді. 2026 жылы 3 миллиард 488 миллион теңге көлемінде 3 жоба қаржыландырылады, – дейді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының айтуына қарағанда, 2030 жылға дейін өңірдегі ірі қара мал басын 198 мыңнан 565 мыңға жеткізу көзделіп отыр. Ұсақ малдың басы да 748 мыңға жетеді деп жоспарланған. Төрт түліктің төресі жылқы саны да өз төлі есебінен көбейіп, 385 мыңға жетпек. Мал басын көбейте отырып, ауыл шаруашылығы құрылымдары сапалы ет өндіру көлемін де жыл сайын үдете түспек. Бұл арада айта кететін бір жайт, малсақ қауым мал санын өз төлі есебінен ғана емес шеттен сатып алу арқылы да көбейткісі келеді. Көзделген мақсатқа қол жеткізу мүмкіндігі де бар. Мәселен, жылдық өсімі 6 пайызбен берілетін «Береке», «Игілік» бағдарламаларымен жеңілдетілген несие алуға болады. «Береке» бағдарламасы арқылы 17 ауыл шаруашылығы құрылымы 35,4 мың ірі қара мал сатып алуға өтінім білдірген. Бұл орайда Ақкөл, Аршалы, Атбасар, Бурабай, Ерейментау, Жарқа-ның тәрізді аудандардың ауыл шаруашылығы құрылымдары қызығушылық танытып отыр. Ал «Игілік» бағдарламасымен 36 ауыл шаруашылығы құрылымынан 7 мың бас ірі қара мал сатып алуға өтінім түскен.

Алға ұмтылған шаруашылықтар қатарынан төрт мың бас мал сатып алуды жоспарлап отырған «Торғай», «Соколыники и К» шаруашылықтарын айта кетуге болады.

Ел ішінде ырыстың үйірілуіне «Ауыл аманаты» бағдарламасы да шаарапатын тигізіп отыр. 2025 жылы 164 өтінім қанағаттандырылып, 2,5 миллиард теңге қаражат бөлінді. Бұл қаражат бұрыннан жұмыс істеп тұрған бизнес жобаларға демеу болары сөзсіз. Осы бағдарламаның арқасында ауыл тұрғындары еңсесін көтеріп қалды.

Ақмола облысы

Түйткіл

Қараусыз қалған саяжайлар

Облыс орталығындағы 44 мыңға жуық саяжай учаскесінің үштен бірі ғана қолданыста. Жергілікті бағбандар жақын болашақта бау-бақша серіктестіктері мүлдем жойылып кетуі мүмкін деп алаңдап отыр.

Мұрат КАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Зейнеткер Людмила Смирнова өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері бау-бақшасында көкөніс пен жеміс-жидек өсіріп келеді. Биыл жасы 74-ке келсе де, күн сайын өзіне тиесілі 6 сотық жеріне барады. Жаз бойы тырбанып, қара күз түскенше бақшасынан шықпайды. Онсыз зейнеткердің күні өтпейді. Айтуынша, саяжайларда көкөніс етіп, жеміс-жидек теретіндердің барлығы қариялар. Жас отбасылар бау-бақшаға мүлде қарамай бара жатыр.

– Жыл сайын көкөністің түр-түрінен тұздалған өнімдер дайындаймын. Алатын зейнетақым 110 мың теңгеден аспайтын болғандықтан, қысқа азықты өзім қамдаймын. Қазір дүкенде барлығы қымбат. Қыс айларында базарда қызанақ пен қиярдың килограммы 2 мың теңгеден асып кетеді. Әрі табиғи өнім емес. Сондықтан бәрін өзім аз-аздан өсіріп, қысқы

уақытқа сақтап қоямын, – дейді қария.

Қарт бағбан бақшамен айналысқысы келетіндер бүгінде мүлде азайып кеткенін, бұған нақты себептер бар екенін алға тартады. Ең әуелі, бұған көп уақыт пен дене еңбегі керек. Екіншіден, бәріне ақша төлеу қажет. Людмила Николаевна биыл тек көн төккізуге 40 мың теңге жұмсаған. Оған қоса қаншама көшеттер, тұқымдар сатып аласың. Қала сыртындағы бақшаға күнделікті қатынаудың жол ақысы мен суға да аз ақша шығындамайсың. Бір маусымда жиыны 150–200 мың теңге жұмсалып кетеді. Бірақ өнімді тек өсіру аз, оны сақтап қалу да машақат. Саяжайда ұрлық көп, құрал-саймандарды жиі ұрлайды. Су бекіткіштерді шешіп әкетеді. Тұрақты барып тұрмасаң, ала жаздай баптаған жеміс-жидек пен көкөністерді бір-ақ күнде сыпырып кетуі мүмкін.

– Күзет біздің күнде мүлкімізді күзетуге міндетті емеспіз дейді.

Мезгіл сайын құрал-саймандарымыз жоғалып тұрады. Мұндай келеңсіздік көптеген саяжай серіктестіктерінде болып тұратын жағдай шығар. Саяжайды пайдаланғанымыз үшін алымдар салыстырмалы түрде тым жоғары. Учаскелеріміздің шағын болғанына қарамастан, бүгінде мүшелік жарна – 34 мың теңге. Бұл – максатты жарна, сонымен қатар адамдар құбырды ауыстыруға қосымша 10 мың теңгеден өткізеді, – деп мұның шақты тағы бір саяжайшы Инна Коканова.

Павлодар қаласы әкімдігінің мәліметінше, бау-бақша иелері бір сотық жерге орта есеппен 7 700 теңге төлейді. Қаланың 17 саяжай серіктестігінде 44 мыңға жуық учаске бар, бірақ соның тек 17 мыңы ғана жұмыс істеп тұр.

Түткендеу нәтижесінде пайдаланылмайтын саяжай учаскелерінің ең көбі «Восточный», «Фрегат-1», «Берёзка», «Надежда» саяжай серіктестіктерінде тіркелді. Азаматтық кодекстің 242-бабына сәйкес, иесіз қалған саяжай учаскесі коммуналық меншікке берілуі мүмкін. Ол үшін учаске иесіз мүлік ретінде есепке алынады. Бір жыл өткен соң жергілікті

атқарушы орган оны коммуналық меншік деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы, – дейді қалалық әкімдік өкілдері.

Қазіргі уақытта 4 783 саяжай учаскесі иесіз мүлік ретінде есепке қойылған. Мемлекет меншігіне 807 саяжай учаскесі қайтарылып алынған. Қараусыз қалған учаскендерді бүгінде арамшөп пен бұта басып, тұрғылықты жері жоқ адамдар мекендейтін орындарға айналған. Кейде өлгіндей адамдардың кесірінен саяжайларда өрт те шығып жатады.

Бағбандар айналасындағы учаскелерді іске қосып, көріштерінің қарасы қалындағанын қалайды. Бұл ретте шенеуніктер тарапынан осы мәселеге көмек көрсетілуін сұрайды. Учаскелерге толық түткендеу жүргізіп, кооперативтердегі бос жатқан жерлерді ниет білдірушілерге берсе жөн болар еді. Кезінде қала айналасындағы саяжайлар дәл осылай пайда болған. Егер саяжайлар жергілікті тұрғындардың қала сыртындағы демалыс орындарына айналаса, ұрлық пен өрт сияқты өзекті мәселелер өздігінен жойылатыны анық.

Павлодар облысы



Сақтансаң – сақтайды

Өрт сөндіру бекеті ашылды

Ақсу ауданының Көшкентал ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды. Бұл – Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Жетісу өңірінде пайдалануға берілген бесінші өрт сөндіру бекеті. Жаңа нысанның іске қосылуы бір ауылдың ғана емес, тұтас өңірдің қауіпсіздік жүйесін нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.



Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінде табиғи өрттердің жиілеуі, ауа температурасының көтерілуі мен құрғақшылықтың күшеюі төтенше жағдайлардың алдын алу жұмысын жаңа деңгейге көтеруді талап етіп отыр. Осындай кезеңде шалғай ауылдарда орналасқан өрт сөндіру бекеттері алғашқы минуттарда жедел әрекет етіп, тілсіз жаудың кеңінен таралуына тосқауыл қоя алады. Бұл – тұрғындардың өмірі мен денсаулығын, тұрғын үйлер мен шаруашылық нысандарын ғана емес, табиғат байлығын қорғаудың да тиімді жолы. Жетісу облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қанат Алтынбековтің айтуынша, «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған бірегей бастама.

«Шалғай елді мекендерде жедел әрекет ететін қызметтің болуы аса маңызды. Осы тұрғыда «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасының нәтижесінде төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігі артып отыр. Бағдарламаның басты мақсаты – шалғай ауылдардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу, халыққа дер кезінде көмек көрсету жүйесін жетілдіру», дейді департамент басшысы.

Жаңа өрт сөндіру бекеті орналасқан Көшкентал ауылдық округінде 1 350 тұрғын бар. Осыған дейін қандай да бір төтенше жағдай орын алса,

арнайы қызметтердің жетуіне біршама уақыт кететін. Енді жаңа бекеттің іске қосылуының нәтижесінде өртке қарсы алғашқы іс-қимылдар жедел ұйымдастырылады. Қауіптің алдын алу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Жалпы, қазіргі таңда өрттің алдын алу – оны сөндіруден де маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе ауылдық жерлерде егістік алқаптары, шабындықтар мен жайылымдардың көп болуы, жазғы апаттың күшеюі өрт қаупін бірнеше есе арттырады. Мұндай жағдайда әрбір минуттың бағасы қымбат. Сондықтан өрт сөндіру бекеттерінің дәл ауылдардың өзінде орналасуы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең тиімді шешімдерінің бірі.

Жетісу облысында бұл бағыттағы жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұған дейін «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Ескеді ауданындағы Ақын Сара, Қаратал ауданындағы Алмалы ауылдарында, сондай-ақ Кәлпе мен Көпбірлік ауылдарында өрт сөндіру бекеттері ашылған. Көшкенталдағы жаңа нысан – осы жүйелі жұмыстың жалғасы.

Өңірде төтенше жағдайлардың алдын алу ісіне басымдық берілуі – халықтың қауіпсіздігіне жасалған нақты қамқорлықтың көрінісі. Себебі қауіпсіз ауыл – тұрақты ауыл. Шалғай елді мекендерде ашылған осындай бекеттер материалдық шығындың алдын алып, тұрғындардың сенімін нығайтады.

Жетісу облысы



«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 1105440005744, осымен Компанияны тарату рәсімі басталғаны туралы хабарлайды.

Кредиторлардың талаптарын Тарату комиссиясы жазбаша нысанда (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10, байланыс телефоны: +7 701 222-89-78, немесе info@skbs.kz электрондық поштасы арқылы қабылдайды.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін кредиторлардың талаптары қабылданбайды.

Тарату комиссиясы.

ТОО «Сейитжан», БИН: 180440040038, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: Мангистауская обл., р-н Мунайлинский, с.Мангистау, ул. жилой массив Мангистау-4, дом 107, тел.: 8 701 775 51 21.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының қоғамдық көмекшісіне тиесілі № 091 қызметтік куәлік жоғалды. Куәлік Бауржан Ериқұлы Кубетаев атына берілген. Осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап куәлік жарамсыз деп танылсын. Тапқан адамнан Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 2 мекенжайға қайтаруын сұраймыз. Немесе +7 775 963 8589 телефон арқылы хабарласуын өтінеміз.

ЖӘДІГЕР

Бір ғасыр бұрынғы суреттер

Осыдан бір ғасыр бұрын қазақ даласын суретке түсірген фотографтардың бірі — Сергей Прокудин-Горский. Бір таңғаларлығы, оның суреттері негізінен түрлі-түсті.

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Прокудин-Горский Ресейдегі ғана емес, әлемдегі алғашқы түрлі түсті фотосурет шығарушылардың бірі саналады. Себебі ол фотограф қана емес, химик һәм өнертапқыш еді. Атақты химик Дмитрий Менделеевтің өзінен дәріс алған. Кейін Германия, Франция секілді Еуропа елдеріне барып, фотохимия мен түрлі түсті фотография технологияларын меңгерген. Соның арқасында қалыпты ақ-қара түстен арылып, түрлі түсті фотосурет шығаруға ден қойған.

Оның фотосуреттерін көрген адам бірден «бұлар кейін қолдан бояған суреттер» дейтіні анық. Алайда



ешқайсысына бояу тимеген, бәрі де түпнұсқа фотосуреттер. Прокудин-Горский фотосуреттерін арнайы технология арқылы түсірген. Ол уақытта қазіргі цифрлық камералардағыдай бірден түрлі түсті сурет түсіру мүмкіндігі болған жоқ. Сол себепті фотограф бір көріністі бірнеше рет түсіріп шыққан. Бірін қызыл, енді бірін жасыл, тағы бірін көк сүзгілер (RGB) арқылы түсіретін әдісті қолданған. Сосын осы үш негативті бір-біріне дәл келтіріп, қосқан кезде табиғи түрлі түсті фотосурет шыққан.

Қазір машақағы көп жұмыс көрінгенімен, оуақытта суретті дәл осындай тәсілмен түсіру озық технология саналды.

Түрлі түсті фотосурет түсіруге әбден машыктанып алған соң, Прокудин-Горский Ресейдің өңірлерін суретке түсіруді алдына мақсат етіп қояды. Тіпті оның бұл идеясын сол кездегі Ресей патшасы II Николай да қолдайды. Сөйтіп, оған қолдау ретінде арнайы жабдықталған теміржол вагонын береді. Фотограф сол вагонды өзінің зертханасына айналдырады. Осылайша,



1909–1915 жылдары фотограф Ресейдің түкпір-түкпірін аралап, қалалар мен ауылдарды, мешіттер мен шіркеулерді, теміржолдар мен зауыттарды, табиғат көріністерін, әртүрлі ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігін, тарихи ескерткіштерді суретке түсіреді. Оның арманы мектеп оқушыларына елдің тарихы мен мәдениетін түрлі түсті фотосуреттер арқылы таныстыру болатын. Осы арманына қол жеткізіп, XX ғасыр басындағы Ресей халықтарының өмірін бейнелейтін бірегей

фотожинағын жарыққа шығарады. Альбомда қазақ тұрмысына қатысты суреттер де бар.

Прокудин-Горский осыдан 110 жыл бұрын, яғни 1911 жылы қазіргі еліміздің біраз өңірінде болған. Түркістан өлкесіндегі, Сыр бойындағы қалаларды, сәулет ескерткіштерін, сондай-ақ қазақ халқының тұрмысы мен этнографиясына қатысты суреттер түсірген. Сол себепті оның фотомұрасы қазақ зерттеушілеріне де құнды. Бүгінде оның суреттері АҚШ-тың Конгресс кітапханасында сақтаулы.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жас талғамайтын би байқауы

Кейде адамның жасын төлқұжаттағы сан емес, жүрегіндегі жалын айқындайды. Анталия төрінде өткен халықаралық «Dance with your soul!» байқауында Астана қаласының биші ата-әжелері дәл осыны өнер тілімен дәлелдеп қайтты.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Халықаралық өнер додасына Түркия, Грузия, Ресей және Қазақстаннан би ұжымдары қатысып, барлығы 115 конкурс нөмірін ұсынды. Еліміздің намысын қорғаған астаналық «Қыздар-ай» халық ансамблі

мен «Аңыз» хореография ансамблі ұлттық және заманауи билерді орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Байқау қорытындысында «Аңыз» хореография ансамблі «Сезім әуені» биімен бас жүлдені жеңіп алды. Ал «Қыздар-ай» халық ансамблі «Кең дала» ұлттық биі

және «Жан симфониясы» классикалық биі үшін екі бірдей Гран-при иеленді. Сонымен қатар ансамбль «Шаттық би» заманауи композициясымен I орынға лайық деп танылды.

Айта кетейік, елордалық өнерпаздар «45+ сеньорлар» санатында өнер көрсетті. Олар халықаралық байқауда жоғары орындаушылық



шеберлігімен, ұлттық би мәдениетін сахнада лайықты таныта білуімен ерекшеленді. «Қыздар-ай» халық ансамблі мен «Аңыз» хореография ансамблінің жетекшісі – хореограф Ирина Смағұлова. Оның

жетекшілігімен өнер көрсеткен ұжымдардың халықаралық байқаудағы жеңісі елорданың шығармашылық әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеп, еліміздің абыройын халықаралық деңгейде асқақтатты.

Бразилия соңғы минутта жеңіске жетті



Жаһандық футбол додасының тартысы күн өткен сайын күшейіп келеді. Турнирдің шешуші кезеңдеріне жақындаған сайын фаворит атанған құрамалардың өзі күтпеген жерден жарыс жолынан шығып қалып жатыр. Сөйсенбіге қараған түні өткен кездесулер де жанкүйерлерге мол эмоция сыйлап, бірнеше сенсациялық нәтижемен есте қалды. Әлем назарын өзіне аударған аламанда әр ойынның бағасы артып, қателікке жол жоқ екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

АҚШ-тың Хьюстон қаласындағы «NRG Stadium» аренасында Бразилия мен Жапония құрамалары өзара күш сынасты. Кездесу өте тартысты өтіп, оңтүстікамерикалықтар матчтың соңғы секундтарында жеңісті жұлып алды.

Ойын басталысымен бразилиялықтар допты бақылауға алып, қарсылас қақпасына шабуылдаумен болды. Дегенмен қорғаныста сауатты ойнап, қарымта шабуылдарға иек артқан жапон футболшылары алғашқы болып есеп ашты. Матчтың 29-минутында Кайсо Сано алыстан дәл соққы жасап, Бразилия қақпашысы Алисон Бекерді қапы қалдырды.

Есепте алға шыққан Жапония құрамасы қорғанысқа көбірек көңіл бөліп, қарсы шабуыл арқылы қауіп төндіруге тырысты. Алайда Бразилияның қысымы нәтижесін берді. 56-минутта Каземиро таразы басын теңестіріп, команданың үмітін қайта жандырды. Негізгі уақыттың соңына дейін есеп өзгермей тұрғанымен, бас төреші Маурицио Мариани

қосқан бес минутта Габриэль Мартинелли жеңіс голын соқты. Осылайша, Бразилия 2:1 есебімен жеңіске жетіп, келесі кезеңге жолдама алды.

Түnniң басты сенсацияларының бірі Германия мен Парагвай арасындағы матчта тіркелді. Көпшілік әлем чемпиондарының бірі саналатын Германия құрамасы сенімді

жеңеді деп болжағанымен, Парагвай күтпеген тосынсый жасады.

АҚШ-тың Фоксборо қаласындағы «Gillette Stadium» аренасында өткен кездесудің негізгі және қосымша уақытында жеңімпаз анықталмады. Алғашқы болып 42-минутта Парагвай жартылай қорғаушысы Хулио Энсисо



жігерлендіруге жасаған әрекеті де нәтиже бермеді. Сөйтіп, «неміс машинасы» атанып кеткен Германия құрамасы турнирмен күтпеген жерден қоштасты.

1/16 финалдың тағы бір кездесуі де пенальти сериясына дейін созылды. Мексиканың Гуадалупе қаласындағы «BBVA Stadium» алаңында Нидерланд пен Марокко құрамалары жо-лықты.

Кездесу барысында еуропалықтар жеңіске бір табан жақын тұрған еді. Матчтың 72-минутында Коди Такпо есеп ашып, Нидерландты алға шығарды. Алайда бразилиялық төреші Вилтон Сампайо қосқан алты минуттық өтем уақытында Марокко қорғаушысы Исса Диоп таразы басын теңестіріп, ойынды экстра-таймға ұластырды.

Қосымша уақытта да жеңімпаз анықталмаған соң, бәрі пенальти сериясына тірелді. Бұл жолы жүйкеге салмақ түскен сәтте марокколық футболшылар дәлдік танытып, 3:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, Марокко құрамасы 1/8 финалға жолдама алып, келесі кезеңде алаң иелерінің бірі Канада құрамасымен кездеседі.

Жарыстың шешуші кезеңдері жақындаған сайын сенсация көбейіп, әр матч нағыз мінез бен төзімділіктің сынына айналып келеді. Фавориттердің сүрінуі мен аутсідерлердің ба-тыл ойыны турнирдің тартымдылығын арттырып, жанкүйерлерді жаңа тосын нәтижелерді күтуге мәжбүр етуде.

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ

КӨРГЕН-БІЛГЕН



• Чехия астанасы – Прагада дзюдодан Еуропа кубогі өтті. 60 кг салмақ дәрежесінде Шерзод Давлатов чемпион атанса, Нұрәділ Әлжан қола медаль еншіледі. 100 килодан жоғары салмақтағы алыштар сайысында Ғалымжан Қырықбай финалда жерлесіміз Жантілек Нұртілепұлымен күресіп, Еуропа кубогінің жеңімпазы атанды. Әйелдер белдесуінде Тасним Әбдуәлі (48 кг) қола жүлде жолындағы жекпе-жекте неміс балуаны Хелен Хабибке есе жіберді.



• Швейцарияның Люцерн қаласында академиялық ескек есуден әлем кубогінің кезеңінде отандастарымыз Екатерина Носкова мен Мария Чернец жеңіл салмақта жұптық есу бағдарламасында қола медаль иеленді. Жапония құрамасы чемпион атанса, күміс медаль Перу спортшыларына бұйырды.

• Шымкентте жеңіл атлетикадан Ғұсман Қосановты еске алуға арналған халықаралық турнир басталды. «Qosanov Memorial – World Athletics Continental Tour Bronze Level» халықаралық додасына 11 елден келген 250-ге жуық спортшы қатысады. Бағдарламада саңлақтар 27 жекеөлі спорт түрінен, 4 эстафеталық сайыста бақтарын сынады.

• Швейцарияның Арозада (Швейцария) қаласында батуттағы гимнастикадан өткен әлем кубогінің кезеңінде еліміздің бірқатар спортшысы өнер көрсетті. Виктория Бутолина мен Евгения Чернышева жұбы синхронды секіру бағдарламасында үздік көрсеткішпен финалдық бәсекеге жолдама алған еді. Жерлестеріміздің өнерін төрешілер 47,15 ұпайға лайық деп бағалап, 6-орын ғана бұйырды. Ерлердің жеке сынында Ерлан Тасмағамбетов 56,35 ұпаймен 13-орынды місе тұтты.

• Англия астанасы – Лондонда теннис үлкен дулыға санатындағы «Уимблдон» турнирі басталды. Мәртебелі жарыста жерлестеріміз арасынан бірінші болып қортқа шыққан Юлия Путинцева германиялық тәжірибелі спортшы Татьяна Мариядан 6:4, 6:4 есебімен жеңіліп қалды. Александр Шевченко да бірінші раундтан аса алмады. Ол канадалық шебер Феликс Оже-Альясьимнен ұтылды, есеп – 3:6, 1:6, 4:6. Кеше кешкілік еліміздің бірінші ракеткалары Елена Рыбакина мен Александр Бублик алғашқы ойындарын өткізді. Биыл «Уимблдонның» жүлде қоры 64,2 млн фунт-стерлингті құрап отыр. Жарыс жеңімпаздарына 3,6 млн табыс етілсе, финалда ұтылғандар сол соманың тең жартысын алады.



• Сауат Нұрғалиев шахматтан жастар арасындағы әлем чемпионатында қола жүлде олжалады. Италияның Монтеильвано қаласында FIDE-нің жаһандық додасы үш жас санатында өтті. 85 елден жиналған 742 шахматшы әлемнің үздігі атану жолында аянып қалмады. Елімізден бұл сынга 35 шахматшы қатысып, Сауат ғана жүлдеге ие болды. Сенім артқан жас спортшының бірі Марк Смирнов О14 санатында 5-орын алды. Оның командаласы Диас Қуандықұлы 11-орынға тұрақтады. G16 санатында Елназ Қалиахмет 4-орынды місе тұтты. О18 санатында Эдгар Мамедов те 8 ұпаймен 5-орын алды.

Дайындаған –
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС			
Бас директор Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ	Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҒҰЛЫ	Бөлім менгерушілері	Білім және ғылым Азамат ЕСЕНЖОЛ
Бас директорының орынбасары Виктор ПРЯНИКОВ	Бас редактордың орынбасары Бауыр СӘДІЛЖАН Амангелді ҚАЯС	Саясат және құқық Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ	Мәдениет және әдебиет Жәнібек ӘЛИМАН
Бас директорының орынбасары Қуат ӘУЕСБАЙ	Шеф редактор Тағат БАТЫРХАН	Экономика және өндіріс Қымбат ТОҚТАМҰРАТ	Өлеумет және спорт Жомарт ОСПАН
Бас директорының орынбасары Айгүл БАЙХАН	Жауапты хатшы Орынбек ӨТЕМҰРАТ		
Бас директорының орынбасары Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ	Интернет-редакция жетекшісі Абай АЙМАҒАМБЕТ		

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:	
Абай облысы – Бақытбек Қадір Алматы облысы – Индоса Исмаилов Астана облысы – Байқал Байқалді Атырау облысы – Жолдасбек Кешербайұлы Ақтөбе облысы – Байн Қуандықұлы Батыс Қазақстан облысы – Қабек Құттығұлы Жамбыл облысы – Тағат Мұсылманқұл Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек Қарағанды облысы – Қасымжан Ғалым Қостанай облысы – Нұржанат Құлабай Қызылорда облысы – Мұрат Жетісбай Маңғыстау облысы – Ұялымын Дәуітбай Павлодар облысы – Мұрат Қатпарлы Солтүстік Қазақстан облысы – Жасыбай Самғат Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы Шымкент облысы – Әнуар Жұмашбай Ұлытау облысы – Жұлды Тойбек	тел.: 8 7056450424 тел.: 8 7471835704 тел.: 8 7759549863 тел.: 8 7760068003 тел.: 8 7014890223 тел.: 8 7476011801 тел.: 8 7755342262 тел.: 8 7753010129 тел.: 8 7756296966 тел.: 8 7776800024 тел.: 8 7018598809 тел.: 8 7020071776 тел.: 8 7051526557 тел.: 8 7026398400 тел.: 8 7026089198 тел.: 8 7026238817 тел.: 8 7753296898 тел.: 8 7756688366
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:	
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13	
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а	
АНЫҚТАМА ҮШІН:	
Астана: АТС 37-65-27, факс: 8 (7172) 37-19-87;	
Электронды пошта: info@egemen.kz	
Интернет-редакция: portal@egemen.kz	
Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс: 8 (727) 273-07-87;	
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz	
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:	
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, egemen_adv@mail.ru	

Индекс: 65392. Аптасына 5 рет шығады
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 «Қазпошта» АҚ)
ТАРАЛЫМЫ 50 006 дана



Газетті қайта есепке қою туралы
№КЗ21VP00062701 күнелігі 2023 жылғы 12 қаңтарда
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық
республикалық газеті
КР СТ ISO 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі
талаптарына сәйкес сертифицирталған.

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің көзекші редакторы
Абзал МАҚАН